Қазіргі уақыт – жазудың уақыты. Ауызша қарым-қатынас жасау бүгінгі тұрпаты бөлек, мазмұны да өзгеше заманның барлық талабын қамтамасыз ете алмайды. Өйткені ауызша сөйлесу коммуниканттардың тікелей қарым-қатынас жасауына қолайлы болғанмен, алыстан хабар алысу тек жазудың көмегіне сүйенеді. Бұл жерде мәселе ауызекі сөйлесу төңірегінде емес, қарым-қатынастың экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік түрлерін жүзеге асыру барысында жазуға деген сұраныстың артуына келіп тіреледі. О баста жазуға деген үлкен сұраныс шаруашылық, әкімшілік, дипломатиялық, тағы басқа іс-әрекеттер нәтижелерін уақыт пен кеңістік факторларына ешқандай тәуелсіз қатынастың тілдік түрі арқылы бекітуден барып туындаған-ды. Бұл мәселе бүгінгі таңда да күн тәртібінен түскен жоқ. Сондықтан ежелгі дүниеден бермен адамзат тарихында жазулар жүйесі жасалды. Адамзат тарихында б.э.д. египет иероглифі, шумер сынажузының туындауының астарында осындай қажеттілікті өтеу себебі жатты. Жазу жүйесі де адамзат ақыл-ойымен бірге дами келе буындық, алфавиттік принциппен түзілетін болды. Бұл принцип бүгінгі күні «жеке фонема – жеке графема» принципінен көрінеді. Графикалық жүйелердің даму тарихына қарағанда адамзат жазуды икондық түрден символдық түрге, бейнеліліктен фонографикалық түрге, таңбалардың көптігінен олардың азаюына қарай жетіліп отырған. Ал біздің жерімізде ертеректе пайдаланған қадым жазуының квазиалфавиттік сипатты еді, өйткені онда дауыссыз дыбыстардың таңбалануына басымдық берілді. Бұл алфавитпен жазылған ертеректегі журналдардағы, алғашқы кітаптардағы мәтіндерді оқу әлі күнге дейін қиындық тудырады. Консонанттар таңбаланатын жазу диакритиканың пайда болуына себеп болды. Бұл жазу жүйесінде сөздерді айыру қызметін диакритикалар атқарды. Міне, осыған қарамастан квазиалфавиттер кейіннен пайда болған көптеген жазу жүйелерінің дүниеге келуіне себепші болып, бәсекеге қабілетті алфавит саналды. Орталық Азия мен Сібірдегі хорезм, манжур, ойрат, бурят, моңғол жазуларына негіз болған арамей жазуы осы жүйеге жатады. Б.э.д. 9-8 ғғ. Еуропа елдерінде дүниеге келген жазу жүйесі консонанттармен бірге дауысты дыбыстарды таңбалап, этрусс, латын, руника, провансаль, неміс, поляк, хорват, венгер, финн, чех, латыш, литва, итальян т.б., кейінгі орыс, украин, белорус, серб, болгар, гот т.б. ондаған жазулардың прототипіне айнала алды. Жазу жүйелеріне қарай алфавит грек, латын (1-тип), арамей, еврей, араб алфавиті (2-тип), үнді алфавиті (3-тип) деген түрлерге бөлінеді (Гельб И.Е. Опыт изучения письма. М., 1982).

Қазіргі жазу түрлерінде диакритика қолданылмайтын ағылшын тілі болып отыр. Қалған голланд, неміс, швед, норвег, француз, испан, португал, румын, поляк, чех, финн, венгер тілдерінде диакритика бірінде жиі, екіншісінде өте жиі, енді бірінде жиі болмағанмен, қолданылатынын В.А.Истрин сызбасымен Қ.Күдерина өз еңбегінде көрсетіп өтеді. Латын графикасындағы 26 әріпті пайдаланған ағылшындар ғана, «қалғандары неміс, француз, голланд, швед,

итальян, испан, португал, румын, чех, венгер, поляк тілдері диакритикалық таңбаларды қолданды, итальян, финн, поляк жазуында латын әліпбиінің барлық әрпі жоқ» (Күдеринаова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006, 17-б.). Бұдан байқалатыны, латын әліпбиі мен еуропа тілдері жазуы арасында абсолютті сәйкестік жоқ. Сондықтан дауыстылардың кейде диграфтар, кейде триграфтармен берілу жолдары орын алып отырған, мысалы, ш-ағылшын тілінде *sh*, неміс тілінде *sch*-мен беріледі. Бұл Еуропа халықтарының жазуларындағы ерекшеліктер. Ал қазақ тілі агглютинативті тілге жататындықтан диграф, триграфтарды пайдалану сөздің тұрқын ұзартып, оқуда да, жазуда да қолайсыздық тудырады. Мысалы:

Geobotanika **paeni** XVIII-XIX hasyr bastarynda shet elderde ceke hylym retynde ósimdikter geografiasy **caene** ekologiasy retinde paida bola bastady. A.Gwmboldt birinshi ret keibir ousimdikterdyng cer betinde cylvlyq **aeserinde** taralwy twraly tuesinik bergen. Bul hylymda **ousimdikter geografiasy** dep atagan.

Algashqy zerttewshilerding qataryna shveicarifda Gliarws (1835 cyl) cumystarynda aerturli ósimdikter qawymdastyqtaryn sipattap cazdy.

1849 cyly shveicar botanigi Twrman (Thurmann 1849) flora caene ósimdikter arasyndahy aiymshylyqty anyqtaп kórsetip olardy zerttew **obektilerin botanika caene botanikalыq geografia** dep bóldi.

Осы келтірілген мысалдағы және – 4 таңба, **caene** – 5 таңба, әсерінде – (8 таңба) – **aeserinde** (9 таңба) жоғарыда көрсетілген адамзат тәжірибесі қалыптастырған принциптерге қайшы. Қазақ тілінде объект сөзі орыс тілінің әсерімен жазылып келді, айтылғанда жуандық белгісінің орнына **и** естіледі, енді бұл сөзді қалай жазып, айту керек, ағылшын тіліндегі жазылуы мен дыбысталуы бөлек екені де белгілі. *Gumboldt* – *Gumboldt* (ағылшын, неміс тілдерінде) – жаңа нұсқада *Gwmboldt*) жастардың, ағылшын тілін білетіндердің қабылдауы қиын, өйткені **w** жастардың тілдік ассоциациясында **v**-мен сәйкес, дүниежүзі осылай оқып-жазады, ол жағы ескерусіз қалған. Латынша **x**-ның икс (*tarixy*) деп оқылатыны қай нұсқада болмасын ескерілуі керек.

Латын графикасына көшу қазақтар үшін ұлт тілінің төл табиғатын, болмысын дұрыс беруге мүмкіндік береді, жай ғана әріптерді ауыстыру емес, басы артық таңбалардан арылу, әріптердің тілдегі дыбыстармен тең болуы ескеріледі деп тілші мамандар күтуде. Бірақ ұсынылып отырған нұсқаларда мағына айыратын қызметтерімен қалыптасып кеткен **қ,х,һ** дыбыстары бір ғана **қ**-ға ауысуына келісу қиын. Егер *SHalhyndy* (*Шалғынды жер* – сөйлем басында) мәнерімен жазатын бұл нұсқа қабылданса, бас әріпті алу керек пе, жоқ па деген өткен ғасырлардағы проблема тағы да алдан шығар еді. Сондықтан ел Парламентіне ұсынылған алғашқы нұсқа туралы пікірлер қайшылыққа толы болды. Қоғам қабылдай алмады. Ал екінші нұсқаның да кемшіліктері жоқ емес. Ол апострофқа байланысты. Егер дәйекші тұтас сөзге қойылса, апостроф әріпке ғана қойылады. Қаламмен жазғанда апострофтар немесе диакритика қолды ұстайды, жазу жылдамдығы төмендейді, артық қимыл жасалады. Апострофпен келген дыбысты екінші дыбысқа біріктіру де қиын, жазғанда сөз үзіліп қалғандай әсер етеді.

Қазақ әдеби тілі қазіргі кезде нормасы тұрақталған, қалыптанған, кодификацияланған, жүйеленген тілдер қатарында. Ал нормасы тұрақталмаған әдеби тілдің қоғамға толыққанды қызмет көрсетуге әлеуеті жетпейді. Қай әліпби таңдалса

да, негізгі мәселенің бірі орфографияны түзу болатыны сөзсіз. Сондықтан алдағы уақытта ережелерді қалыптастыру, сөз түрлерін орфограммалау бірінші кезекке шығады.

Тілдегі жазылуы қиын төл сөздерден бөлек шеттен қабылданған сөздер саны аса көп. Ол көбеймесе, азаймайтыны белгілі. Тіпті үштілділік жағдайында шеттен сөз қабылдау принципі қалай түзілу керектігінің өзі жеке проблема. Өйткені бұрыннан қабылданып қойған шеттілдік сөздер бар және оларды сол күйі тілде қалдыру керек пе, әлде жаңаша нұсқамен жазу керек пе? Бұл проблемалық мәселе. Бұрыннан бар шеттілдік кірме сөздер орыс тілі арқылы енген, көбі түпнұсқасынан өзгерген, бұрмаланған және қазақ тіліне осы бұрмаланған күйі кіріп, орнығып қалған. Мысалы, *объект, субъект* сөздерін алайық. Бұларды жаңа әліпбиге көшуде бұрынғы жазуымен, дыбысталуымен қалдырылса, біріншіден, осы және осы сияқты жүздеген сөздерді алдыңғы ұрпақ, орта буын, тіпті жаңа буын өкілдерінің көп бөлігінің көңілінен шығады. Ал 2022 жылы 1-сыныпқа баратын ұрпақтың көңілінен шығар ма екен? Әлде ағылшын тілінің ықпалымен объект, субъект деп айтып, жазуды көбірек қолдар ма екен? Өйткені олар үш әліпбиді біліп, оқып, жаза алатын, оның үстіне ағылшын тілінің басымдығын сезіп, сол тілден сөзді еркін алатын және өзгеріссіз алатын ұрпақ болады. Сонда ұрпақтар арасында түсініспеушілік туындауы мүмкін. Халықтың көп бөлігінің тілдік санасында аталған сөздердің графикалық таңбалануы қалыптасып қалған, оны өзгерту қиын, егер сөз қабылдау басқа принциппен нормаланса, сауатсыздық деңгейі артуы әбден мүмкін. Қоғам бұрынғы орыс тілінің ықпалымен жазып, оқитындар мен ағылшын тілінің ықпалына ұшыраған, сол тілдің жазу мәнерін қабылдаған топқа бөлінуі мүмкін. Өйткені, шеттен сөз қабылдағанда қазіргі заманда кез келген тіл оларды икемдеп, сындырып қабылдағанмен, жазудың визуалдылығы, тілді кітап арқылы танудың басымдығы сөзді өзгертпей қабылдауға жетелейді. Бұл дәлелденген құбылыс.

Ағылшын тілі де, орыс тілі де экспансиялық тілдер, олардың қайсысы басым тұтылса, қоғамдық орны мен статусы биіктеп, функциясы ұлғайса, сол тілдің жазбатілдік сипаты сөз қабылдауда алдыңғы орынға шығады. Сондықтан өзге тілден сөз қабылдаудың принциптерін анықтап алу керек. Бұл әдеби тілдің нормалануына әсер етіп қана қоймайды, әдеби тіл стильдеріне, әсіресе ғылыми-техникалық процесс пен қоғам, саясат тілінде зор маңызға ие болады.

Әрбір алфавит нұсқасының қолайлылығын анықтауда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының зерттеу тәжірибесін алуға болады (Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. Аламты:Қазақ тілі баспасы, 2016). Респонденттерге: а) әдеби норма сақталып жазылған жазылуы қиын сөздері бар мәтінді беру, ә) осы мәтінді оқып шығу уақыты мен жазуға кеткен уақытын өлшеу т.б. практикалық тапсырмалар орындалады. Бірақ тәжірибедегідей респонденттердің жас ерекшеліктерін 20-40 аралығында шектеу дұрыс болмайды. Өйткені еңбек демалысына шығатын жас мөлшері ұзарып жатқан кезде, бұлай шектеу қисынсыз. Сондықтан сауалнаманы 20-55 жас аралығындағы адамдар арасында өткізу керек. Келесі ескеретін жағдай, мәтінді бір емес, аз дегенде үш рет жаздырып, үш рет оқытып, жазу, оқу жылдамдығын көз, қол үйренумен байланыста алып, тексеріп барып, қорытынды

жасау. Бұл да әлемдік тәжірибеде бар және нұсқалардың айырмасын анықтауда, ыңғайлысын сұрыптауда көмектеседі.

Жаһандану заманында шет тілден сөз қабылдау тоқталмайтын процесс. Әліп-би қабылданған бастапқы кезде орыс тілі арқылы шетел сөздерін қабылдау кілт тыйылмайды. Ғылым мен білімді, жаңа технологияны әлі де орта буын жасап отыр, ал олар негізінен орыстілді. Кейіннен ағылшын тілін еркін білетін ұрпақ белсенді болған кезде шеттілдік сөздер ағылшын тілінен түпнұсқа түрде енеді, ағылшын сөздері көбейген үстіне көбейеді және жазудағы тұлғасы барынша сақталады. Ол жазу тудыратын заңдылық. Бұл кез тіл тағдыры, тіл тазалығы үшін шешуші сәт болмақ. Сондықтан шет сөздерді қабылдаудың жетілген ережесін бірден қалыптастыру керек.

Қазақ әліпбиінің графемологиялық анализін жасауды лингвистер қолға алса, әліпбидің өмірге енуі қиындық тудырмайды. Себебі саяси, психологиялық тұрғыдан қоғам жаңа әліпбидің қабылдануына даяр. Өршеленген қарсылықтар уақыты артта қалды. Жазудың емлесі сапалы жүйеленсе, төл грамматикалық заңдылықтар да қалпына келеді. Ұлттың ұлттығының белгісі тілді келер ұрпаққа трансформациялауға болады.

Шеттен енген сөздер үштілділік жағдайында жазылуы қиын сөздер қатарына енеді. Шеттен енетін сөздер тек дара сөз күйінде болмайды, тілге күрделі сөз түрімен қабылданады. Арасында сөзалды қосымшалар, аффиксоидтармен енетін сөздер де бар. Сондықтан шет тілден енген сөздерді орфограммалау, оларды графикада берудің принциптерін типтендіру маңызды. Осы орайда гибрид сөздердің жазылуы да көңіл бөлуді қажетсінеді.

Шеттен енетін сөздердің ішінде терминдер өте көп. Бұларды да кірме сөздер ретінде қарап, жазылуы қиын, болашақта қабылдау принципі белгісіз сөздер санатына қосу керек.

Гибрид сөздерді жазудың емлесін ғылыми негіздеу керек. Мұндай сөздердің үш түрі бөлініп алынды: 1.бизнес-жоспар (бөлек-бірге жазу, қайсысы дұрыс), 2. интернеттік жоба (-дық,-тік жұрнағының орнын анықтау, қызметін, мағынасын саралап алу), 3)электротехника-электртехника – қай вариантты қалдыру керек, т.б.). Бұл мәселе информатика және есептеуіш техника, математика, химия салалары бойынша универбтену арқылы бірге таңбаланатын (қазіргі заманғы нормативтік сөздіктерге енбей қалған) сөздердің жазылуын және қолданысын біріздендіру принциптері анықтауда да маңызды. Шеттілдік сөздерге қосымша жалғау тәртібін орнықтыру, материалдық, теориялық база жасақтау, база негізінде ережелер түзу де алдыңғы уақытта көңіл бөлетін мәселелер. Кейбір зерттеушілер *шетелдік сөздердің қосымшалануы* деген қолданыстармен сөйлейді. Дұрысы *шетелдік сөздерге қосымшалардаң жалғануы болуы* тиіс. Бұл грамматикалық терминдердің, қолданыстардың жүйесі орныққан, ғылым тілі деңгейіне жеткен қазақ тілінің грамматикасы үшін дұрыс қолданыс болмайды.

Қорыта келгенде, ойластыратын мәселе аз емес.

Материал редакцияға 05.01.2017 жылы түсті.

K.B. KUDERINOVA¹

¹University of Suleyman Demirel, Almaty, Republic of Kazakhstan

THE QUESTIONS OF TRANSFERENCE OF MODERN KAZAKH ALPHABET TO LATIN GRAPHICS: PROPOSALS AND PROJECT

Annotation: The article dwells upon the issues of transference of modern Kazakh alphabet to Latin script. Linguistic and extralinguistic reasons for the transition to the new Kazakh-Latin alphabet are considered. The issue of the draft projects of the alphabet proposed by Kazakhstani scientists and citizens (as the citizens take active part in discussion of the issue as well) has been discussed from 1993, and special attention has been drawn to the problem of choice of the letters referring to the specific Kazakh phonemes. Having analyzed the proposed projects of the alphabet, the authors of the article choose the design proposed by the scientists from the Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynov. Pointing to the letters, advised to be removed from the Kazakh alphabet based on the script of the Russian language, the researchers propose to introduce new alphabet graphemes ф, в, h. The article demonstrates the adoption of the alphabetic script, referring to the specific phonemes of Kazakh language.

Subject: The issue of transition of modern Kazakh alphabet to Latin script: proposals and projects

Abstract: The article deals with the transition of modern Kazakh alphabet to Latin script: proposals and projects. The linguistic and extralinguistic reasons for the transition to the new Kazakh-Latin alphabet are considered.

Keywords: Kazakh alphabet, Kazakh language, Kazakh phonemes.

Тақырыбы: Қазіргі қазақ алфавитін латын тіліне аудару мәселелері: ұсыныстар мен жобалар

Түйін: Мақалада қазіргі қазақ алфавитін латын графикасына ауыстыру қарастырылған. Жаңа қазақ-латын әліпбиіне көшудің лингвистикалық және экстралингвистикалық себептері қарастырылады.

Тірек сөздер: қазақ әліпбиі, қазақ тілі, қазақ фонемасы.

Тема: Вопросы перехода современного казахского алфавита на латинскую графику: предложения и проекты

Резюме: В статье рассматриваются вопросы перехода современного казахского алфавита на латиницу. Рассмотрены лингвистические и экстралингвистические причины перехода на новый казахско-латинский алфавит.

Ключевые слова: казахский алфавит, казахский язык, казахские фонемы.

Introduction

The beginning of the transition of the Kazakh script to the Latin alphabet was laid by the article of the academician A. Kaidar “Latin graphics in expectation of a bright future”, in which the opinion about the transition to the Latin graphics was expressed for the first time. The scientist cited the following reasons for the urgent transition of

the Kazakh writing to the Russian alphabet in the Soviet time: “The scholar of Turkey, Professor Timur Kocaoglu wrote in the newspaper” New explanations”(09.08.1991): “In 1927, the Soviet government replaced the Arabic script, which was used by all the Turkic peoples in the USSR to the Latin alphabet. However, the Latin alphabet was adopted as a Turkish script in Turkey in 1928; therefore, fearing the strengthening of cultural ties between the Turks of Anatolia and the Turkic-speaking peoples of the Soviet Union, the Soviet authorities forced them to take six types of Cyrillic alphabet, slightly different among themselves in 1939-1940”[3]. Therefore, A.Kaydar argued that without policy intervention, the alphabet change can occur on the basis of free choice, and the alphabet should be Latin, since it is “distributed at the interethnic, worldwide high level,” and is officially adopted as an international phonetic transcription as a model for the exact designation of “linguistic facts “. The initiative of the academician aroused great interest among scientists and philologists, and also gave birth to new ideas.

Purpose of the study

The main purpose of the article is to find an answer to the question of how to adapt the modern Latin alphabet to the phonetic system of the Kazakh language. Further in the article the analysis of scientific views on this problem is given.

Another important turning point is expected in the history of Kazakh script. This is the transition to the Latin schedule. And indeed, for the Kazakh steppe, the change of the alphabet is of socio-economic importance, this process usually occurs during the period of change from one socio-political age to another. Alternatively it also can be the integral part of national politics at a period of strengthening of an epoch. This can be seen by looking at the history of the Kazakh script of our people. Undoubtedly, it is encouraging that the problem of transition to the Latin alphabet is not a spontaneous decision of the members of the community alone, this issue is presented to everyone’s attention, it is a socially significant problem. It is noteworthy that the new alphabet was adopted within one month (for example, the transition to the Cyrillic alphabet was carried out between December 20, 1939 and January 15, 1940, and those who did not accept the new alphabet were accused of humiliating the alphabet offered by the authorities and brought to justice, and the prosecutor’s office was instructed to monitor them [1]. In addition, the campaign to decide on the transition to the Latin alphabet from the Arabic script, with the advantage of one vote in favor of the Latin script (instead of the training commissioner of Kazakhstan N. Zaliuli, more people formally voted for the Latin alphabet) was undertaken. [2]. That is why that campaign of switching to a new alphabet with the intervention of a superficial and hasty policy now requires the mutual coordination of both extra-linguistic and linguistic conditions when considering questions of transition to a new Latin script. Therefore, the relevance of the study lies in the problems that cause difficulties in the transition of the Kazakh script to the Latin script, and in the analysis of the difficulties encountered in projects on the Kazakh alphabet proposed by modern scientists.

Methods of research

The following methods were used in the study. Initially, an analysis was carried out in the form of a discussion of the discussions that took place in the scientific community, from the 1990s to the present day. Various scientific views have been grouped, and directions on general opinions of scientists have been determined. The analysis of

common aspects of projects is carried out alphabetically. The letter-phoneme ratio for problem phonemes in the main alphabetical project, proposed by the scientists of the Institute of Linguistics, is analyzed.

Main part

More than 100 articles were published on this issue from 1990 to 2015 on the periodical pages. The authors of articles, relating to different professions, age, position, have completely different points of view and views on this issue. They can be divided into the following groups.

1. A group supporting the transition to the Latin schedule, their main arguments are:
 - adoption of Latin graphics in order to keep up with the flow of computerization, enter the international arena and use the Internet resources in full force;
 - wide use of e-mail, telegraph; an opportunity to form a common Turkic script; return or preserving the linguistic nature of the Kazakh language;
 - getting rid of the influence of the Russian language on the phonetic, morphological, syntactic, lexical levels.
2. A group opposing the transition to the Latin schedule.
3. A group suggesting a return to the ancient Turkic writing.
4. A group that supports the initiative of the reform of modern writing.

The academician A. Kaidar, seeing a large number of articles published in the periodical press, realizing the desire of people to become the authors of the new Kazakh script, and thus, he famously published an article in 1996 in which he asked the President to issue an official decree in order to organize and combine all these people [5]. A. Kaidar wrote: “This is the problem of the century for the entire Turkic world. I wonder which ruler it will finally find its solution under? Programmers and linguists should come to some decision “[4].

Actually, A. Kaidar’s proposal on the transition of the Kazakh script to the Latin alphabet arose from his desire to adopt an alphabet common to all Turkic peoples, so called common writing. Therefore, in the Kazakh-Turkish alphabet proposed by the scientist there are such letters as <j> -j, c <ч>, f <ф>, v <в>. However, in the Middle Ankara project of 34 letters, two were not used in Azerbaijani, ten - in Uzbek, and eight - in Turkmen alphabets. Thus, in the new alphabet of the Turkic peoples there are differences from 8 to 20 letters. This indicates a decrease in the possibility of creating a common Turkic alphabet.

Another group of initiators believe that the transition to the Latin alphabet is necessary in order to protect the Kazakh language from the influence of the Russian language, to strengthen the natural power of the Kazakh language and to preserve it. In fact, the language that exists in the lingual environment of the language the writing was adopted from has a great risk of undergoing a serious deformation. When a language takes the writing of another language, the phonemes of this language adapt to the sound system of the native language’s writing. For instance, in order to increase the number of terms we simply copy the lexical layer of another language through direct translation, tracing and copying of phrases, syntactic rules, sentences and text. We slowly move away from the path of natural development of our language. Currently, the simultaneous use and writing of any units up to words and texts in the Kazakh and Russian languages has become mandatory. Preparing any text first in Russian, and only

then translating it into Kazakh has also turned into a tradition. Considering that currently 7.5 million Kazakhs (44.3%) and 6 million Russians (35.3%) live in Kazakhstan, it can be noted that the influence of the Russian language on the Kazakh language will not decrease. Thus, a group of authors who published the articles related to the issue of the transition of the Kazakh script to the Latin alphabet in newspapers and magazines expressed an objection. Their main arguments are based on the following:

1. The transition to Latin means to step back - a step back in the past.
2. The new writing will hurt our economy. It is not more than just a hobby for reforms;
3. Cyrillic can be used online as well. Even if it is impossible to establish international communication with Russian graphics, with the help of this graphic we can use the achievements of leading technologies. In 2001 the Kazakh language became the 56th language that was introduced to the Internet by the World Internet Information in Paris. Russian letters enrich our language whereas the transition to the Latin alphabet will only bring economic and psychological problems, so it would be better to reform the Russian alphabet that is familiar to us. For instance, the sound composition of the Kazakh language can be represented by the 31 letter of the Russian alphabet.
4. The stability in writing reflects our spiritual conservatism. The uniformity of the alphabet speaks of the high culture of the people.

5. The adoption of Latin graphics will give rise to a language problem (Russian, Kazakh, English). The influence of the English language will increase.

Opinions were also expressed on the transition to the ancient Turk language. It was uttered in the early years of the Kazakh independence when the feeling of patriotism about changing the alphabet was expressed more.

There are a lot of articles that talk about the need to switch to Latin graphics, which show the composition of the alphabet. Many of the authors of the articles on the question of how to convey the audio composition of the Kazakh sounds with 26 letters of Latin script, say that it is better not to go beyond the Latin alphabet, to use the possibilities of 26 letters, which will reduce economic costs and speed up international communication.

For this purpose, the authors propose to take an English letter that has no sound significance and is used extremely rarely as one marker, and denote them with specific sounds of the Kazakh language. For example, sounds *h*, *u*, *h*, *z* are identified by a combination with sound **h**: *nh* - <*h*>, *sh*<*u*>, *tsh* (*ч*), *gh* (*z*) etc.

Thus, those who hold this view suggest adding 10-11 letters to the existing 24 letters of the English alphabet. Then, for example, the word *әдемі* (*ademi*) can be sent using 7 letters *jademjy*, and in order to write the word *әнім* instead of the four keys you need to type six - *aeniem*. In this way we show the softness of the word twice. However, in this way we do not save the letters and complicate the reading.

Analyzing the above, we were convinced that for the Kazakh script, at this stage, the Anglo-Latin standard, the scientific technique of civilization, the market and the economy are more threat rather than the politics or language policy.

The phenomenon of synharmonicity in the Kazakh language seems to derive diacritical letters from the complexities of their use. Therefore, a number of authors of articles consider the use of an apostrophe for vowels of the Kazakh language to be correct. The apostrophe in the initial position indicates the softness of the word ('*jihaz* - *zhizhəz*, '*Ahmed* - *Əhmed*, '*kinalamay* - *kinələməu*); And words that have soft syllables

historical progress itself forces the borrowing of terms from other languages. Therefore, avoiding the elements of another language is not always the right decision.

On this issue, opinions are divided: some argue that it is not necessary to label the sounds **в, ф, ц, ш, ч** with letters. They believe that when we switch to the Latin alphabet, we will benefit, since we can finally get rid of the letters **я, ю, ё, ф, в, х, ш, ч, ь, ъ, ц**, which we once borrowed from Russian graphics in order to write words according to the principle of the original. We can also clearly show the sound composition of the letters **у** and **и** as in : *чанаев-сараев, цех-сех, вагон-bagon, факт-ракт*.

However, quite another point of view claims the idea that a letter is needed for any sound available in the language since there are names that contain the sounds **ф, в, h**, in Kazakh. An assessment of the level of language development that pays attention to features in the Kazakh pronunciation pattern is one of the main reasons.

Thus, the authors of the Russian-based Kazakh alphabet translate into the Latin alphabet by means of transliteration: the letters in the Latin script are used in their meaning, and for sounds **ч, ц, ш**, it is proposed to use digraphs, trigraphs, and diacritics. Some scholars suggest using extra letters of English graphics. For example, **Cc (ш), Hh (р), f (ж), v (ы), x (й), y (ү), q (ө), x (ә)**.

In our opinion, if the goal of changing the alphabet is to get rid of the letters of the Russian alphabet, borrowed on the principle of the original, and if there is no possibility to replace them with Latin letters or there is not enough Latin letters, then one does not need to distinguish them with paired sounds and diacritical signs. Therefore the letters **f, v, h** will perform their function, and the sounds [x], [h] will be denoted by the letter h, the letters <ц> -c, <ч> -ш, <шц> -шш. Since the articulatory base of the modern Kazakh language is rather weak, it is more suitable for the pronunciation of uncompleted consonants (*tepe, aksha, abay*).

The future development of a language can be characterized by the prevalence of voiced and sonorous consonants. Therefore, we believe that in words *qyqaiа* [кыйқайа], *qaqarman* [қақарман], *jiqaz* [жыйқаз], *uqlew* [уқлеу], *poto* [пото], *pilolog* [пыйлолог], *pilm* [пийлм] the weak pronunciation of sounds **ф, в, h** is much more pleasantly perceived by ear than its closed and unobtrusive pronouncing. In this regard, since the weak pronunciation of the sounds **ч, ц, ш** does not in any way affect the meaning of the word, we consider denoting them by the letters *s* and *c*: *sirk, sement, sellofan, sentnter, sifr, carlston, cempion*.

How are the specific sounds of the Kazakh language designed?

Vowels are denoted by diacritics: the phoneme <ә> one of the signs ä / ä, the phoneme <ө> one of the signs ö / ö, the sound <ү> - the letter ŭ, the sound <ү> - the letter ü, the sound <е> - the letter <i>. The sound i is denoted by the letter i or by an apostrophe.

Thus, for the vowels of the Kazakh language (if you do not use the apostrophe) the following Latin letters correspond: <a>-a, <ә>- ä, <ы> - i, <i> - i, <ү> - ŭ, <ү> -ü, <o> - o, <ө> - ö, <e> - e.

For the phoneme <к> several variants of signs are suggested: the letters Qq, Kk, ꞑ ꞑ, and for the phoneme <к> - phonemes Kk and Cc. If we follow the theory of the alphabet, that the variants of a single phoneme denoted by a letter should be denoted by mutually analogous letters, then the solid consonant <к> -k, and the soft consonant <к>-правильным, will be correct.

And if in the received alphabet there is a letter corresponding to the given sound (in this case, for example, the letter Qq), then it will be more correct to use the capabilities

of the alphabet. In our opinion, for the phoneme <к> it is best to use the letter q, rather than an extra diacritic sign. And for the phoneme <к> there is a letter k, the letter <ң> can be denoted by the letter η, and <ш> by the letter ș, which is available in other Turkic alphabets.

There is also an opinion on the letters **я** and **ю** of Russian alphabet, which denote the softness of the phonemes **a** and **y**. Therefore, these letters do not fulfill their functions in the Kazakh language. Instead, they represent difficulties in spelling, translating syllables and splitting words into syllables. Writing some words must be memorized (*қояйын, аяйын*). “ However, there are no clear evidence that the letters **я** and **ю** have a negative influence on the sound of the original Kazakh words.

In the initial classes, they are taught that these letters are a combination of sounds <u> and <a>, <u> and <y> (but they do not convey the correct sound composition to u). Hence, the designation of the letters **и**, **w**, **ë** by a combination of two sounds, although it does harm the division into syllables of words, it must be admitted that they simplify and save the spelling of words.

For example, when writing words such as **ayu**, **soy**, Latin in Latin it will be necessary to add 2-3 letters or once again use the keyboard when typing the words **ajuw**, **sojuw**, **qijuw**. Despite the fact that the words **py**, **su**, **ayu**, **қыу** consist of two or three letters, but they sound like **ұ-рұу**, **сұу**, **аһ-уұу**, **қы-уұу**, that is, they are pronounced with the sounds 4: 3, 4: 5. And this will lead to the fact that when you divide these words into syllables, there will be a difference between oral and written speech.

Thus, we believe that the system of consonants of the Kazakh language will be more appropriately conveyed by denoting the following letters of the Latin script: **и в (б), d (д), g (г), ğ (ғ), j (ж), k (к), q (қ), l (л), m (м), n (н), η (һ), p (п), r (р), s (с), ș (ш), t (т), w (у), y (й)**.

So, in our opinion, if the computer’s capabilities allow using an apostrophe, then in the new Kazakh alphabet we will be able to use the tradition proposed by A. Baytursynov, spelling through an apostrophe. The use of the apostrophe on the letter was proposed not only in the alphabet of A. Baitursynov, but also in the alphabets of H.Dosmukhamedov (1925), K. Zhubanov (1934), N.Torekulov (1925), J.Amautov and A.Zhunisbek (2002).

The Latin letters **a, y, o, e, ü** in those alphabets are suggested for the equivalence of the letters **а-ә, ы-і, о-ө, ұ-ү, е** in Kazakh Cyrillic. Despite the fact that the phonemic status of consonants <Ғ>, <Ғ>, <қ>, <к> was determined, four sounds can be transmitted by two letters, and the hardness and softness can be distinguished by an apostrophe. In the new alphabet, there are 27 letters that use an apostrophe (Table 2).

Table 2 - Draft a new alphabet using an apostrophe

#	letter	phoneme	#	Letter	Phoneme	#	Letter	Phoneme	#	Letter	Phoneme
1	A	а-ә	8	Ĝ	Ғ	15	M	М	22	t	Т
2	B	Б	9	H	h-x	16	N	Н	23	v	В
3	Ş	Ш	10	I	ы-і	17	Ŋ	Ң	24	ü	ұ-ү
4	D	Д	11	J	Ж	18	O	о-ө	25	w	У
5	E	Е	12	K	К	19	P	П	26	y	и-й
6	F	Ф	13	Q	Қ	20	R	Р	27	z	З
7	G	Г	14	L	Л	21	S	С			

Conclusion

Thus, according to the opinion of I.E. Gelbt “since from the point of view of the theory of writing the Latin alphabet in the form in which it is applied in the countries of the West has no advantages in comparison with, say, Arabic, Greek or Russian alphabets” [6], we believe that Latin graphics can be adapted to the sound composition of the language.

REFERENCES

1. Izhanov. What the archives say about the alphabet // The Kazakh Literature newspaper 07/07/2000. – P. 25.
2. Kamzabekuly D. The dispute of the Kazakh intelligentsia on alphabet issues // newspaper “Kazakh Literature”. 14.12.2001. – P. 41.
3. Kaidar A. “The Latin alphabet has a great future” // the newspaper “Mother tongue”. 24.10.1993. – P. 7.
4. Kaidar A. On the issues of writing, which has been disputed for seven years // Kazakhstanskaya Pravda newspaper. 16.06.2000. – P. 6.
5. Kaidarov A. Do we need or need Latin writing for Kazakhs? // Kazakhstanskaya Pravda newspaper. 6.01.96. – P. 2.
6. Gelbt I.E. Experience of studying the letter. – M., 1982. –185. p. 231.

Материал редакцияға 05.01.2017 жылы түсті.

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

БАҒЫ ЖАНБАҒАН БІР ДЫБЫС

Аннотация: Мақалада қазақ тілінде қабылданған дыбыстардың емле мәселесі талданады. Орфоэпиялық ережелер қазақ тілінің фонетикалық-морфологиялық құрылымдарын ескере отырып ұсынылады. Жаңа латын графикасына негізделген орфоэпиялық мәтіндер мен мәтіндер ұсынылған. Тіліміздегі **w** дауыссызының ақиқатына көз жеткізу үшін бір-біріне орайлас тіркестерді пайдалануға болады. Мысалы, **ау** тіркесінің екі дыбыстан құралатынына ешкімнің шүбәсі жоқ, ал дәл сол үлгідегі **ұу** тіркесінің дыбыс құрамын бір **у** дыбысына айналдырып жіберіп отырмыз. Сонда бізге жетпей тұрғаны – оқу-әдістемелік дайындық пен психологиялық шеберлік. Алғашқы **ау** тіркесінің бірінші сыңары ашық дауысты **a** айқын естіледі де, екінші сыңары **w** дауыссызынан оңай ажыратылады. Ал екінші **ұу** тіркесінің бірінші сыңары еріндік қысаң **ұ** мен тағы еріндік **w** дауыссызының артикуляциясы өзара тығыз кірігіп кетеді.

Тақырыбы: Бағы жанбаған бір дыбыс

Түйін: Мақалада қазақ тілінде қабылданған дыбыстардың емле мәселесі талданады. Орфоэпиялық ережелер қазақ тілінің фонетикалық-морфологиялық құрылымдарын ескере отырып ұсынылады. Жаңа латын графикасына негізделген орфоэпиялық мәтіндер мен мәтіндер ұсынылған.

Тірек сөздер: фонетика, морфология, графика, орфоэпия, морфология, графика.

Тема: Корректная передача звука

Резюме: В статье анализируются орфографические проблемы заимствованных букв/звуков в казахском языке. Предложены орфоэпические правила с учетом фонетико-морфологических структур казахской речи. Приведены орфоэпические тексты и тексты на основе новой латинской графики.

Ключевые слова: фонетика, морфология, графика, орфоэпия, морфология, графика.

Subject: Correct sound transmission

Abstract: The article analyzes orthographic problems of borrowed letters / sounds in the Kazakh language. The orthoepic rules are proposed taking into account the phonetic-morphological structures of the Kazakh speech. Orthoepic texts and texts on the basis of the new Latin graphics are presented.

Key words: phonetics, morphology, graphics, orthoepy, morphology, graphics.

Біз қазіргі уақытта қазақтың өзіне «қазақтың бар дыбысын бар деп, жоқ дыбысын жоқ» деп сендіре алмайтын кезеңде тұрмыз. Біріне-бірі жалғасқан әліпби


ауыстыру мен орынды-орынсыз емле құрастыру осындай жайға алып келді. Оп-онай көрінген қазақ тілінің дыбыс құрамын түгендей алмай әлек болып жатқанымыз да сондықтан. Кез келген қазақтан (ересек болсын, бала болсын) «қазақ тілінде қанша дыбыс бар?» деп сұрасаң, бәрінің берер жауабы біреу-ақ, «42 дыбыс бар» дейді. Бұл, әрине, олардың кінәсі емес, мектептен бастап жоғары оқу орнын бітіргенге дейін «42» деп тоқпақтай берсе, кім де болса соған ұйып қалады. Ұйып қалғандардың арасында, өкінішке орай, қазақ тілі пәнінің мұғалім-оқытушылары барын қайтерсің. Олар да «қырық екі» демесе де, соған жете жығылып жатады.

Қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтау сонау XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған болатын. Сол дәуірдің өкілі В.Радлов 31 дыбысты атайды, оның құрамындағы бір дыбысты арнайы у таңбасымен белгілейді және ол дыбыстың ағылшын тіліндегі w дыбысымен ұқсас екенін атап, «жартылай дауысты» деп көрсетеді өз еңбегінде. «Жартылай» деп отырғанының мәні бар: дыбыс жасалым / естілімі жағынан дауыстыға жақын. Келесі кезеңде, XX ғасырдың басы, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 29 дыбыс бар деп көрсетеді. Ахаң анықтаған құрамда да «жартылай дауысты» кездеседі [1]. Қазақ тілінің алғашқы латын әліпбиінде (1929-39) v таңбасымен белгіленіп келді [2]. Бертін келе дуыссыз мәртебесі ескеріліп, ұу/үу тіркестерінің құрамында 1957 жылға дейін у түрінде дербес жазылып келді. Ал акад.І.Кеңесбаев бастаған зерттеушілер 43 дыбысқа тоқтады, 43 болып тұрған себебі у таңбасы дауыстының құрамында бір рет, дауыссыздың құрамында тағы бір рет кездеседі [3]. Ал 1957 жылы «қызыл саясат» қазақ әліпбиі мен оның емле-ережесіне де жетті. Сөйтіп қазақтың төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің у дыбыс / таңбасы ендірілді. Сонымен, кірме у таңбасы қазақтың төл дауысты дыбыстарының құрамына «дауысты» болып қосыла кетті. Кез келген ғылыми-теориялық еңбек немесе оқулықтың бетін ашыңыз, оқу-құралының немесе әртекті мақаланың бетін ашыңыз, алдыңыздан дауысты у шыға келеді. «Сасқан үйректің» кебін киіп, «дауыссыздан кейін дауысты болады, дауыстыдан кейін дауыссыз болады» деп, амалдап келе жатырмыз. Қазақ тілінде дауысты барлық уақытта дауысты болатыны, дауыссыз барлық уақытта дауыссыз болатыны санамызға жетпей қойды.

Осы саяси әліпби реформасының жемісін енді «теріп-жеп» отырмыз. Қазіргі ұрпақты қазақ тілінде дауысты у дыбысы жоқ деп сендіре алмай отырғанымыз сондықтан.

Соңғы жылдары жарық көрген академиялық еңбектерде у таңбасымен белгіленіп жүрген дыбыстың ақиқат мазмұны анықталып берілді [4]: «У (w) дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *ерін-ерінді* дауыссыз дыбыс болып табылады. У дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. У дауыссыз дыбысын айтқанда, дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *ерін-ерінді, жуысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс». Дауыссыздың ақиқат анықтамасы осы болып табылады. Оның қазақ тілі дауыссыздарының пішіндемесінде (моделінде) өзінің орны бар.



Пішіндемеден көрініп тұрғандай, **у(w)** дауыссыз дыбысы құрылымның (модельдің) бір бұрышын ұстап тұр. Егер **у(w)** дауыссыз дыбысы жоғалатын болса, онда пішіндеме (модель) түгел қаусап түседі. Бұл – тіл дыбыстарының құрамынан бір дыбыс жоғалса, бүкіл жүйесі (системасы) бұзылады немесе бір бөгде дыбыс енетін болса, тілдің дыбыс жүйесі (системасы) түгелдей бүлінеді деген сөз.

Алайда академиялық еңбектердің нәтижесі әзірге оқулықтар мен оқу-құралдарына жетпей жатыр. Сондықтан да көпшілікті шатастырмас үшін **у** таңбасының іргесіне **w** таңбасын қосақтап **у(w)** деп көрсетіп отыруға мәжбүрміз.

Сонымен, бұл өзі неғылған дыбыс болып шықты? Оның академиялық мазмұны:

Анықтамасы: ерін-еріндік жуысыңқы үнді

Мәртебесі: жүйекұрауыш

Қызметі: тұйық рай көрсеткіші

Тіркесімі: тек дауыстыдан кейін келеді

Шеп орналасымы: сөз басында кездеспейді

Жиілігі: жиі кездеседі

Ұқсастығы: орыс, араб тілдерінде жоқ, ағылшын тілінде бар.

Тағы да ғылыми негізге жүгінетін болсақ, халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ немесе МФА – международный фонетический алфавит) үлгісі бойынша таңбасы **w** болуға тиіс. Бұдан әрі қарай осы таңбаны тұрақты пайдаланатын боламыз.

Енді неге «шала дауысты» немесе бірде дауысты, бірде дауыссыз болып жүргеніне тоқталайық. Өйткені, бірінші, оның жасалымы (артикуляциясы) дауыстыға ұқсайды, себебі ауыз қуысында кедергі жоқ; екінші, оның тілдегі қызметі дауыссызға ұқсайды, себебі буын құрай алмайды. Тіл жүйесінде оның екінші қызметі басым болып есептеледі, сондықтан да ол дауыссыз дыбыс болып саналады.

Дауыссыз **w** дыбысын жоғалтып жүргеніміздің тағы бір себебі «жалған естілім» болып табылады. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі – осы **w**. Ендеше дыбыс атауына, өзге дыбыстардай **бы, ды** болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, **ұу (уұ емес)** түрінде айтылады. Сондықтан **ұу** тіркесінің айтылымы орыс тілінің **у** дауысты дыбысының естілімін еске түсіреді. Қазақ тілі мамандарын да, өзге зерттеушілерді де шатастырып жүрген осы жайт. Бүлдіршіндер мен бірінші сынып оқушыларына арналған оқу құралдарынан бастап **уық, уыс** т.б. «сөздер

у дауысты дыбысынан басталып жатыр». Орыстақы у таңбасының машақаты бір мұнымен бітіп жатқан жоқ. Сөздіктер тізбегіндегі ұ, ү әріптерінің құрамында тұратын ондаған-жүздеген сөздер «адасып» у әрпінің соңында жүр. Әзірге тек сөз басындағы буынға қатысты «адасуларды» ғана көріп отырмыз. Ішкі әліпби тізбегіне қатысты «адасуларды» компьютер бағдарламасының көмегі болмаса, көзбен көріп, қолмен түгендеу мүмкін емес.

Ал неге қазақ тілінің төл дауыссыз дыбысы осы бір төркіні бөлек у таңбасына байланып қалды? Өйткені орыс тілінде мұндай дыбыс жоқ, сондықтан кирил құрамында оны белгілейтін арнайы таңба да жоқ. Бірақ «жалған естілімге» себеп болып жүрген дауысты дыбысының у таңбасы бар. Осы әріп оп-оңай қазақ әліпбиіне көшіп, w дауыссызының таңбасына айналып кетті. Сөйтіп қазақ орфографиясының құрамында әбден орнығып алды. Ендігі жерде кирилдің у таңбасы мен дыбысынан құтылу оңай болмай, тіптен, мүмкін болмай отыр.

Жүрген жеріміздің бәрінде «әліпби сауатымызды ашып алудан бастайық» дегенді босқа айтып жүрген жоқпыз. Және «әліпби сауатты» алдымен оқулық авторлары мен әдістеме иелері бастау керек. Ал бастауыш сыныптан бастау алса, жас ұрпақ өсе келе, бүгінгідей «олай емес, бұлай емес» деп арпалысқан ересектердің «әліпби» дертіне ұшырамайтын болады.

Тіліміздегі w дауыссызының ақиқатына көз жеткізу үшін бір-біріне орайлас тіркестерді пайдалануға болады. Мысалы, **ау** тіркесінің екі дыбыстан құралатынына ешкімнің шүбәсі жоқ, ал дәл сол үлгідегі **ұу** тіркесінің дыбыс құрамын бір у дыбысына айналдырып жіберіп отырмыз. Сонда бізге жетпей тұрғаны – оқу-әдістемелік дайындық пен психологиялық шеберлік. Алғашқы **ау** тіркесінің бірінші сыңары ашық дауысты **а** айқын естіледі де, екінші сыңары **w** дауыссызынан оңай ажыратылады. Ал екінші **ұу** тіркесінің бірінші сыңары еріндік қысаң **ұ** мен тағы еріндік **w** дауыссызының артикуляциясы өзара тығыз кірігіп кетеді. Сөйтіп, орыс тілінің у дауыстысы тәрізді естілім әсер қалдырады. Орыс тілінің у дыбысы нығыз айтылады, ал қазақы тіркес босаң айтылады. Дегенмен тіркестің екі сыңарын ажырата алмай жатқанымыз мектептен қазақы түйсінімнен айырылып қалғанымыздан (немесе айырыла жаздағанымыздан) болып отыр.

Анық тіркестер:	ау	тау	асау	айау	ойау	тауыс
Көмескі тіркестер:	ұу	тұу	ысұу үсұу	айұу	ұйұу үйұу	тұуыс

Егер **w** дауыссыз дыбысының жазылым емле-ережесі дұрыс құрастырылса, онда сөздің үндесім әуезі, морфем және буын құрамы, тасымал реті мен сөйлем ырғағы бұзылмайтын болады.

Жуан әуезді сөздер құрамында:

– жуан әуезді қысаң **Ұ[u]** мен үнді жуысыңқы **У[w]** дауыссызының тіркесі **ҰУ[uw]** болып жазылады;

– сөз басында **[w]** кездеспейді, сондықтан сөз **ұ[u]** дауыстысынан басталады: у (ұу) **[uw]**, уық (ұ-уық) **[u-wuq]**, уыс (ұ-уыс) **[u-wus]**, уақыт (ұ-уа-қыт)

[u-wa-qit];

– сөз ортасында: туыс (тұ-уыс) **[tu-wus]**, суық (сұ-уық) **[su-wuq]**, жуан (жұ-уан) **[ju-wan]**, шаруа (ша-рұ-уа) **[ša-ru-wa]**, оқушы (о-құу-шы) **[o-quw-şı]**;

– сөз соңында: ту (тұу) [tuw], су (сұу) [suw], бұ (бұу) [buw], алу (а-лұу) [a-luw], толу (то-лұу) [to-luw], оқу (о-құу) [o-quw], қару (қа-рұу) [qa-ruw];
Жіңішке әуезді сөздер құрамында:

– жіңішке әуезді қысаң **Y[ü]** мен үнді (жуысыңқы) **Y[w]** дауыссызының тіркесі **YY[üw]** болып жазылады:

– сөз басында [w] кездеспейді, сондықтан сөз **ү[ü]** дауыстысынан басталады: үіл (ү-үйл) [ü-wül], уәде (ү-уә-де) [ü-wə-de], ү-уәж (ү-уәж) [ü-wəj], уәли (ү-уә-лій) [ü-wə-liy], уәзір (ү-уә-зір) [ü-wə-zir];

– сөз ортасында: сурет (сүү-рет) [süw-ret], келуші (ке-ліу-ші) [ke-lüw-ši], сенумен (се-нүү-мен) [se-nüw-men], секіруге (се-кі-рүү-ге) [se-ki-rüw-ge], келуі (ке-лү-уі) [ke-lü-wi];

– сөз соңында: елу (е-лүү) [e-lüw], білу (бі-лүү) [bi-lüw], ескеру (ес-ке-рүү) [es-ke-rüw], кешіру (ке-ші-рүү) [ke-ši-rüw].

Ендеше латын әліпбиіне қазіргі кирил орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кирилдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз. Сондықтан алдымен қазақ мәтініне «әліпби транскрипция» жасап алуымыз керек. Сонан соң барып қазақ тілінің төл дыбыстарын латын әліпбиіне көшіреміз. Осындай реформаның нәтижесінде қазақ тілінің:

– төл дыбыс құрамы кірме таңбаларсыз таза анықталады;

– төл дыбыс құрылымы (жүйесі) сақталады;

– морфем құрамы бұзылмайды;

– буын тұрқы жаңсақ жіктелмейді;

– тасымал реті сетінемейді;

– сөйлем ырғағы сақталады.

Латын әліпбиіне өту үстіндегі жазу реформасының басты нәтижесі осы болмақ.

Өкінішке орай, бұл дыбыстың ақиқат [w] таңбасына латын негізіндегі жаңа апостроф әліпбиімізден де орын табылмады, қайтадан сол орыс тілінің созылыңқы **y[u:]** дыбысының **y'** деген таңбасының кебін киіп қалды. Енді қашан және қай ұрпақ оны осы бір шалажансар әліпби тамұғынан аршып ала алар екен, әлде біздің көз алдымызда өшіп, құрдымға кете береді ме? Келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруға да шамамыз келмегені ғой.

ҚОСЫМША

Апостроф мәтін үлгісі (ерін үндестігінің қазіргі емлесі сақталды)

Жуан әуезді сөздер құрамында:

– жуан әуезді қысаң **Y[u]** мен үнді жуысыңқы **Y[y']** дауыссызының тіркесі **YY[uy']** болып жазылады;

– сөз басында [y'] кездеспейді, сондықтан сөз **ү[u]** дауыстысынан басталады: у (ұу) [uy'], уық (ұ-уық) [u-y'yq], уыс (ұ-уыс) [u-y'ys], уақыт (ұ-уа-қыт) [u-y'a-qty];

– сөз ортасында: туыс (тұ-уыс) [tu-y'ys], суық (сұ-уық) [su-y'yq], жуан (жұ-уан) [ju-y'an], шаруа (ша-рұ-уа) [s'a-ru-y'a], оқушы (о-құу-шы) [o-quy'-s'y];

– сөз соңында: ту (тұу) [tuy'], су (сұу) [suy'], бұ (бұу) [buy'], алу (а-лұу) [a-luy'], толу (то-лұу) [to-luy'], оқу (о-құу) [o-quy'], қару (қа-рұу) [qa-ruy'];

Жіңішке әуезді сөздер құрамында:

– жіңішке әуезді қысаң **Y[u’]** мен үнді (жуысыңқы) **Y[y’]** дауыссызынын тіркесі **YU[u’y’]** болып жазылады;

– сөз басында **[y’]** кездеспейді, сондықтан сөз **Y[u’]** дауыстысынан басталады: уіл (ү-уіл) **[u’-y’il]**, уәде (ү-уә-де) **[u’-y’a’-de]**, ү-уәж (ү-уәж) **[u’-y’a’j]**, уәли (ү-уә-лій) **[u’-y’a’-lii’]**, уәзір (ү-уә-зір) **[u’-ya’-zir]**;

– сөз ортасында: сурет (сүү-рет) **[su’y’-ret]**, келуші (ке-ліу-ші) **[ke-lu’y’-s’i]**, сенумен (се-нүү-мен) **[se-nu’y’-men]**, секіруге (се-кі-рүү-ге) **[se-ki-ru’y’-ge]**, келуі (ке-лү-уі) **[ke-lu’-y’i]**;

– сөз соңында: елу (е-лүү) **[e-lu’y’]**, білу (бі-лүү) **[bi-lu’y’]**, ескеру (ес-ке-рүү) **[es-ke-ru’y’]**, кешіру (ке-ші-рүү) **[ke-s’i-ru’y’]**.

Апостроф әліпбиіміз үшін де осы емле-ереженің ұсынылғаны жөн болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 414 б.
2. Сауранбаев Н. Академик Н.Сауранбаевтың еңбектері. – III т. – Алматы: Арыс, 2000. –399 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 200 б.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана: Еларна, 2002. –754 б.

Материал редакцияға 05.01.2017 жылы түсті.

Г.С.ИСАЕВА¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

БРЕНД АТАУЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Аннотация: Қазіргі ақпарат пен жаңа технологиялардың дамыған заманында бренд сөздердің лингвистикалық, семантикалық қыры күннен-күнге дамып келеді. Бренд атауының семантикалық мәні тілдік тұрғыдан алғанда, қоғамда «сенімділік», «тұрақтылық», «танымалдық» символдарын білдіреді. Брендтер тұтас образ бен байланыстылықты (ассоциация) білдіре отырып, қоғамдық санада қойылған мақсатына қарай қызмет етеді. Адам санасында брендтің лингвистикалық қабылдауы мен оның мағыналық қызметі арасындағы эмоционалдық байланыс арқылы бренд семантикасы қалыптасады. Осылайша, лингвистикалық бренд белгілі бір өнімнен байқалатын шынайы және виртуалды ойлардың жиынтығы болады.

Тақырыбы: Бренд атауларының әлеуметтік тілтанымдық сипаты

Түйін: Мақалада атау – бренд туралы белгілі бір ойды, қажеттілікті, экспрессивтілікті білдіруші барлық идеялар мен басты ережелерді қысқа әрі нұсқа түсіндіретін брендтің ең маңызды қарым-қатынас жасаушысы екендігі қарастырылған. Атау ұзақ мерзімдік кезеңде брендтің стратегиялық әлеуетін қалыптастырады. Ал оның лингвистикалық аспектілері брендтің атына жаңа мағыналық реңк береді.

Кілт сөздер: бренд, бренд атаулары, нейминг, әлеуметтік тілтаным, ұғым.

Тема: Социолингвистическая характеристика брендовых наименований

Резюме: Понятие имени бренда в рекламных текстах и слоганах, обыденной сфере сознания индивидуума, специальной литературе по маркетингу, рекламоведению, брендингу до сегодняшнего дня достаточно не изучено с точки зрения лингвистической единицы. В то время как лингвистический анализ имени бренда чрезвычайно важен как для рекламного бизнеса, так и для языковой личности. В эпоху высокого уровня развитой техники и новых технологий хорошо развиваются лингвистические, семантические определения брендовых наименований. Семантическая сущность брендовых наименований в языковой интерпретации символизирует доверие, стабильность, известность, определенный набор ожиданий для общества.

Данная статья посвящена социолингвистической характеристике брендовых наименований, а также проблемам бренднейминга. Поскольку семантика бренда формируется в сознании человека, обеспечивая эмоциональную связь между лингвистическим восприятием бренда и его смысловой функциональностью.

Ключевые слова: бренд, брендовые наименования, нейминг, социолингвистика, понятие.

Subject: Sociolinguistic characteristics of brand names

Abstract: The concept of the brand name in advertising texts and slogans, the everyday sphere of the individual's consciousness, special literature on marketing, advertising, branding has not been sufficiently studied to date from the point of view of the linguistic unit. While the linguistic analysis of the brand name is extremely important for both the advertising business and the language personality. In the era of high level of advanced technology and new technologies, linguistic, semantic definitions of brand names are developing well. The semantic essence of brand names in language interpretation symbolizes trust, stability, fame, a certain set of expectations for society.

This article is devoted to the sociolinguistic characteristics of brand names, as well as the problems of brand naming. Since the semantics of the brand is formed in the mind of a person, providing an emotional connection between the linguistic perception of the brand and its semantic functionality.

Keywords: brand, brand names, naming, sociolinguistics, concept.

Қазіргі ақпарат пен жаңа технологиялардың дамыған заманында бренд сөздердің лингвистикалық, семантикалық қыры күннен-күнге дамып келеді. *Бренд* атауының семантикалық мәні тілдік тұрғыдан алғанда, қоғамда «сенімділік», «тұрақтылық», «танымалдық» символдарын білдіреді. Брендтер тұтас образ бен байланыстылықты (ассоциация) білдіре отырып, қоғамдық санада қойылған мақсатына қарай қызмет етеді.

Адам санасында брендтің лингвистикалық қабылдауы мен оның мағыналық қызметі арасындағы эмоционалдық байланыс арқылы бренд семантикасы қалыптасады. Осылайша, лингвистикалық бренд белгілі бір өнімнен байқалатын шынайы және виртуалды ойлардың жиынтығы болады. Ал бренд атауы – тұтынушыларды қызықтыратын мағыналық күш [1, 65].

Атау – бренд туралы белгілі бір ойды, қажеттілікті, экспрессивтілікті білдіруші барлық идеялар мен басты ережелерді қысқа әрі нұсқа түсіндіретін брендтің ең маңызды қарым-қатынас жасаушысы. Атау ұзақ мерзімдік кезеңде брендтің стратегиялық әлеуетін қалыптастырады. Ал оның лингвистикалық аспектілері брендтің атына жаңа мағыналық реңк береді.

Тұтынушы брендтің атын сөздік ретінде ғана емес, мәдени тұрғыда да қабылдайды. Белгілі бір сөздер, символдар мен образдар мәдени мағынамен байланысты болады. Фердинанд де Соссюр, Ролан Барт және Жан Бодрийяр сынды ғалымдар символдық ақпараттың қыр-сырын зерттеп, оның семиотикасын анықтап берді. Тұтынушылардың қабылдауында болатын белгілі бір образдар мен мәтіндердің мәдени байланысын анықтауға тырысты. Семиотика адамдардың қолданатын сөздері мен образдары негізгі мағыналық сипатынан тыс белгілі бір қатаң мәдени мағына үстейтін фактілерімен негізделеді. Белгі – мағына, образ, нысан, сөз бен дыбыс, қозғалыс пен талғамдарды шығаратын шынайылық.

Брендтің лингвистикалық сипаты немесе оның атауы белгілі бір образға қатысты негізгі мағына, яғни ассоциация болып табылады. Оның жалпыға ұғынықты мағынасымен қатар, екінші мағынасы да болады. Тіпті бренд атауының екінші мағынасы сөз бен образдың негізгі мағынасын қалыптастырады.

Бренд атауын жасауды **нейминг** деп атайды. Кез келген сөз қарым-қатынас (коммуникация) жүйесі болып табылады. Сөз арқылы берілетін ақпарат ментальді, эмоционалды және танымдық деңгейде тізбектеледі. Бренд атауын жасау

үрдісінде тандалған атаудың фонетикалық, лингвистикалық, психологиялық және семантикалық ерекшелігі ескеріле отырып, көптеген сипаттамалар негізге алынады. Брендтің индивидуалдық тұрғысынан алғанда сөзжасаудағы морфологиялық белгілері ерекше маңыздылыққа ие болады.

Лингвистикалық зерттеулерден байқағанымыз, бренд атауын жасау барысында нейролингвистикалық бағдарламалау, нейролингвистикалық бағдарламалауда лингвистикалық жарнамалық технологиялар, сөйлеу пресуппозициясы, кешенді эквиваленттерді құру секілді әдістемелер қолданылады.

Бренд атауы лингвистикалық маңызымен бірге бренд пен тұтынушы арасындағы едәуір ұзақ уақытқа жалғасатын элемент болып табылады. Бір ғана сөз немесе сөз орамы арқылы брендтің бүкіл мән-маңызын, барлық белгілерін және бағалауыштық ерекшелігін көрсету қажет.

Сатып алушының ой қабылдауында алынған бренд атауы белгілі бір компаниямен, қызмет түрлерімен, өніммен бірегей ретінде сәйкестендіріледі. Ол тауарды анық суреттейді немесе нақты брендтің негізгі әсерлі басымдылығын білдіріп тұрады. Бренд атауын жасауда мынадай бірнеше ережелерді ұстану қажет:

1. Бренд атауы оңай айтылуы қажет;
2. Бренд атауы тез жағталу үшін фонетикалық тұрғыдан сауатты құрылуы керек;
3. Бренд атауы өзге тілдерде жағымсыз ассоциация бермеу үшін шет тілдерде де айтылатынын ескеру қажет;
4. Бренд атауы субъективті тұрғыда позитивті қабылдануы тиіс.

Бренд атауын жасау кезінде ой-талқы, нейролингвистикалық бағдарламалау, лингвистикалық талдау, сондай-ақ жаңа атаудың барлық мүмкіншіліктерін тексеру мақсатында компьютерлік деректер қорынан бренд атауын іздеу шаралары да қолданылады.

Сөзжасам тәжірибесі сауатты қойылған брендтің атауында коммуникативті маңыздылығын асыратын үлкен семантикалық мәнмәтін бар екенін көрсетеді. Брендтің атауы қалыптасқан кезде жаңа лексикалық бірлік пайда болып, сөзжасамның жаңа тәсілдері қолданылады.

Тілдің қазіргі сөздік құрамында ауызекі сөйлеу тілі жаңа лексикалық бірліктермен толықтырылып жатыр. Олар көбіне бастапқы мағынасынан өзгеріп қолданылады. «Бренд» термині ескі норвег тіліндегі «малға таңба басу» мағынасын білдіретін *brandr* етістігінен пайда болған. Ағылшын тілінде *brand* сөзі «1) жыныс, түр, марка; 2) таңба, ишарат, нышан; 3) таба салу, бұрынғы заманда қылмыскерлерге салынған таңба; 4) ар-намыстың нышаны, ұяттың, қадірсіздіктің белгісі; 5) жанған отын, жартылай жанған отын; 6) таңба салуда қолданатын қызып тұрған темір; 7) *көне*. қылыш; 8) таңба салу, ишараттау, өрнек салу; 9) *ауысп.* есінде белгі қалдыру» деген мағыналарды білдіреді [2, 145 б.].

Брендтің рөлі өркениет дамуының барлық кезеңінде өзгеріп отырды. Брендті тұтынушыға функционалды, эмоционалды және анық түрде уәде берудің бірізді жиынтығы ретінде тануға болады. Бренд ерекше және маңызды болуымен қатар, тұтынушы талаптарына жауап береді.

Брендтің терминдік дефинициясын ғалымдар әртүрлі тұрғыдан түсіндіріп келеді. Шарковтың берген анықтамасы бойынша, бренд – жаппай танымал

болып, ұжымдық санада тұрақты фиксация болатын өтім нысанының аты (атауы) және онымен бекітілген (фирманың, тауардың, қызметтің, тұлға идеясының) символы [3,24]. Бренд – тұтынушыға немесе сатып алушылар тобына арналған атау, термин, белгі, символ, сурет немесе олардың үйлесімділігі және тауары мен бәсекелестер қызметінен ерекшеленуі [4, 227 б.]. Перция брендті құқықтық құрал, ерекшелену тәсілі, компания, сатып алушылардың қиялындағы образ, бағалауыштық қосынды, теңдестіру, дамып отыратын маңыз ретінде анықтайды [5, 17 б.]. Сондай-ақ бренд атауы – брендті, бизнес құрылымын, тауарды, қызметті танытатын атау [6, 331 б.].

Брендтердің негізгі қызметі – тауардың жоғары сапасын растау, дәлелдеу. Тіпті сатып алушы тауардың сапасын өз бетінше бағалай алмаған жағдайда да марканың беделі тауарды сату кезінде маңызды рөл атқарады. Мысалы, бұл жағдай хош иісті немесе сусынды сатып алуға байланысты. Нарық базарында өндіруші, мәселен, Chanel (хош иіс), Боржоми (минералды сусын) секілді танымал маркалардың бағасын едәуір жоғарылата алады. Әйгілі маркалардың тауарлары сапалық, функционалдық жағынан барабар тауарлардан едәуір қымбат тұрады.

Бренд атауын жасау кезінде төмендегідей мәселелерді басшылыққа алу қажет, брендтің тілдік атауынан:

- 1) жағымды эмоция және жағымды ассоциация берілуі;
- 2) жеңіл айтылып, оңай есте сақталуы;
- 3) марканың пайдасы мен артықшылығы сезілуі;
- 4) басқа атаулардың жанында ерекшеленіп тұруы;
- 5) қолданыста бар, тіркелген маркалық атаудың авторлық құқығына нұқсан келтірмеуі керек.

Брендтің лингвистикалық атауын жасағаннан кейін ғана оның бейнесін, яғни имиджін қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, брендтің атауын жасауда фонетикалық, морфологиялық, тстиликалық факторларды ескеру қажет [6, 91 б.].

Бейненің психологиялық жобалауы имидж функциясын түсінуден басталады. Оларды екі аспектімен байланыстыруға болады: танымалдылық пен жағымды сезім.

Бренд – сананы басқару технологиясының ең үздігі. Бренд, шын мәнінде, халықтың рухымен тығыз байланыста болады. Мемлекеттер арасындағы ұлттық және мәдени шегарасын өшіретін, ғаламдық брендтердің бой көтеруінен көрінетін жаһандану заманында елдің қайталанбас, айрықша образының болуы – уақыттың талабы. Бұл ел тәуелсіздігінің кепілі, табиғи, мәдени және адами ерекшеліктерін сақтайтын жол. Соңғы уақыттарда белең алған ақпараттық соғыс, мәдени қақтығыс, экономикалық күрес т.б. бәрі де адамдардың санасы арқылы жүріп жатыр. Қазіргі қоғамдық санада жақсы образ тек «бренд» арқылы ғана сақтала алады.

Қорыта айтқанда, бренд атауын жасау кезінде имидждің брендке тигізетін әсері ескерілуі қажет. Сондай-ақ сөзжасамның маңызды элементі ретінде бренд атауының психологиялық жобалауды және психосемантикалық брендингті айтуға болады. Тұтынушылардың атауды дұрыс қабылдауы үшін арнайы мәтін мағына мен символдардың коммуникативті кеңістігі бренд атауын дұрыс құруға және оған қажетті мағыналық күштерді енгізуге септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Будник А.В., Моисеева Н.К. Брендинг в управлении маркетинговой активностью. – М., 2003. – 26 с.
2. Мюллер В.К. Англо-русский словарь. 53 000 слов. / Изд. 23-е, стереотипное. – М.: Русс. яз., 1992. – 843 с.
3. Шарков Ф.И. Интегрированные бренд-коммуникации. – М., 2004. – 74 с.
4. Котлер Ф. Основы маркетинга. – М., 1990. – 50 с.
5. Перция В. 29 способов имяобразования // Рекламные идеи Yes! 1999-2000. – №4. – 5.
6. Эллвуд Я. 100 приемов эффективного брендинга. – СПб., 2002. – 46 с.
7. Рудая Е.А. Основы бренд-менеджмента. – М., 2006. – 44 с.

Материал редакцияға 11.12.2016 жылы түсті.

А.Ә.ЖАҒАБЕКОВА¹, Б.Д.КАРБОЗОВА¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қолданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қолданбалы лингвистика бөлімінің ғылыми қызметкері

ҚАЗАҚ ДЫБЫСТАРЫН ЛАТЫН ҚАРПІНЕ АУДАРУДАҒЫ БУЫН МӘСЕЛЕСІ

Аннотация: Латын қарпіне көшуде әліпби таңдау бірінші кезектегі жұмыс болса, әліпбидің бір нұсқасы таңдалғаннан кейін атқарылатын жұмыстар одан да күрделірек деуге болады. Әсіресе, кирилл қарпінің енуі кезінде қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен кейбір сөздердің дыбыстық құрамында қарама-қайшы тілдік құбылыстар орын алған болатын. Мысалы, *ми, жи, ки, киім, жиын, тиын* сияқты сөздерде *и* әрпі, *ту, жу, бу* сияқты сөздерде *у* әрпі дауысты дыбыс ретінде танылып, біріншіден, қазақ тілінің ережелеріне сәйкес келмей, екіншіден, буынға бөлінбейтін күйге түсіп, үшіншіден, тасымалданбай қалған болатын.

Мемлекеттік тілімізді латын қарпіне көшіру, ең алдымен, бүгінгі дамыған, жаһанданған, кемелденген кезеңде заман ағымынан қалмай, әлемдік кеңістікке шығудың бір жолы ретінде қажеттілік тудырып отырса, осы шара тұсында «Рухани жаңғыру» [6] идеясына сәйкес ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту қажеттілігін де тудырып отыр. Әліпби таңдау ісіне жалпы халық болып атсалысса, ендігі емле мәселесін жүзеге асыруда тілші мамандардың атқарар жұмысы жауапты әрі өте күрделі. Мұны екінші кезектегі үлкен шара деп санау қажет.

Тақырыбы: Қазақ дыбыстарын латын қарпіне аударудағы буын мәселесі

Түйін: Мемлекеттік тілімізді латын қарпіне көшіру, ең алдымен, бүгінгі дамыған, жаһанданған, кемелденген кезеңде заман ағымынан қалмай, әлемдік кеңістікке шығудың бір жолы ретінде қажеттілік тудырып отырғаны белгілі. Осы себепті мақаламыздың негізгі мазмұнын ретінде латынға көшудегі буын мәселесі деп санадық. Әліпби таңдау ісіне жалпы халық болып атсалысса, ендігі емле мәселесін жүзеге асыруда тілші мамандардың атқарар жұмысы жауапты әрі өте күрделі.

Тірек сөздер: латын, буын, дыбыс, жаңа әліпби, орфография мәселелері

Тема: Проблема слога при передаче казахских звуков латинской графикой

Резюме: Основным содержанием статьи является проблема слога при переходе на латиницу. В выборе нового алфавита казахского языка принимал участие весь народ, а в дальнейшей реализации проблемы орфографии сложная и ответственная роль принадлежит специалистам-языковедам.

Ключевые слова: латиница, слог, звук, новый алфавит, проблемы орфографии.

Subject: The problem of the syllable in the transmission of Kazakh sounds by Latin graphics

Abstract: The main content of the article is the problem of the syllable in the process of transition to the Latin script. The whole people took part in the choice of the new alphabet of the Kazakh language; and in the further realization of the problem of spelling, a complex and responsible role is allocated to linguists.

Keywords: Latin script, syllable, sound, new alphabet, spelling problems.

А.Байтұрсынов сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буын, буын мен дыбыс желісін бір-бірінен туындатып, арасын үзбей, өзара байланыстырып қарайды. Сөздерді буынға бөлудің жолын қарастыра келіп, «Буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға «бітеу» деп ат қойындар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға «ашық» деп ат қойындар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға «тұйық» деп ат қойындар» деп, буын түрлерін саралап береді [1, 344-345-бб.]. Сондағы «буыншы» әріптеріміз дауысты дыбыстар болып шығады. Буын құраудағы дауысты әріптердің мәнін «әлгі әріптер кіріспейтін буын» болмайды дейді.

Проф. Қ.Жұбанов буынның дыбыс құрамына қарай алты түрін көрсеткен [2, 361-б.]. «Фонациялық ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын буын дейміз. Демек, буын экспирация арқылы (өкпедегі ауаны сыртқа шығару арқылы) жасалады», – дей келіп, осы үрдісті проф. І.Кенесбаев та ұстанады, буын түрлерін ашық, тұйық және бітеу деп бөліп, олардың алты түрлі дыбыс құрамын көрсетеді [3, 260-261-бб.]. Буын сипатын, түрлерін, жігін, дыбыс құрамын кеңінен талдаған С.Мырзабеков: «Буын – ... ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы» деген анықтама береді [4, 103-б.].

Буын құбылысын сингармонизммен тікелей байланыстыра отырып, проф. Ә.Жүнісбеков «Қазақ тіліндегі дыбыс түрленімі қазақ сөзінің сингармонизм заңдылығынан туындайды. Сингармонизм әуезі (жуан, жіңішке, еріндік, езулік) көрінетін тірек бірлік буын болып табылады», – деп теориялық қорытынды жасайды [5, 24-25-бб.]. Латын қарпіне әліпби ауыстыру ісінде Ә.Жүнісбектің буын мәселесіне қатысты зерттеулерінің маңызы зор.

Латын қарпіне көшуде әліпби таңдау бірінші кезектегі жұмыс болса, әліпбидің бір нұсқасы таңдалғаннан кейін атқарылатын жұмыстар одан да күрделірек деуге болады. Әсіресе, кирилл қарпінің енуі кезінде қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен кейбір сөздердің дыбыстық құрамында қарама-қайшы тілдік құбылыстар орын алған болатын. Мысалы, *ми, жи, ки, киім, жиын, тиын* сияқты сөздерде *и* әрпі, *ту, жу, бу* сияқты сөздерде *у* әрпі дауысты дыбыс ретінде танылып, біріншіден, қазақ тілінің ережелеріне сәйкес келмей, екіншіден, буынға бөлінбейтін күйге түсіп, үшіншіден, тасымалданбай қалған болатын.

Мемлекеттік тілімізді латын қарпіне көшіру, ең алдымен, бүгінгі дамыған, жаһанданған, кемелденген кезеңде заман ағымынан қалмай, әлемдік кеңістікке шығудың бір жолы ретінде қажеттілік тудырып отырса, осы шара тұсында «Рухани жаңғыру» [6] идеясына сәйкес ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту қажеттілігін де тудырып отыр. Әліпби таңдау ісіне жалпы халық болып атсалысса, ендігі емле мәселесін жүзеге асыруда тілші мамандардың

атқарар жұмысы жауапты әрі өте күрделі. Мұны екінші кезектегі үлкен шара деп санау қажет. Өйткені мемлекеттік тіл қазақ тілінің дыбыстық жүйесін әліпби ауыстыру қарсаңында қайта реформалау тіліміздің ұлттық сипатын жоғалтпаудың, оның жасампаздығы мен өміршендігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болмақ. Бұл ретте нақты лингвистикалық шаралар мыналар:

Ең бірінші, **қазақ тілінің төл құрамына қатысты реформа жасау керек.** Бұл ретте қазақ тілі дыбыстарының тіркесім заңдылықтарына сәйкес келмейтін, буынға бөлінбейтін, тасымалдануы қиын сөздер құрамын жаңарту керек. Құрамына өзгеріс енгізетін мұндай сөздер көбінесе құрамында *и* және *у* дыбыстары бар сөздер. Бұл дыбыстармен келген сөздердің қазіргі дыбыс жүйе-сінде, оның ішінде классификация жасауда екіжақты болуы (бірде дауыссыз, бірде дауысты), буын жігін бұзуы, тасымалдауда қиындық тудыруы құрамында *и*, *у* дыбыстары бар сөздердің жазылуын қайта қарауды қажет етеді. Бұл қандай сөздер?

Солардың бірі – құрамында **и** дыбысы бар сөздер: зат есімдер: сөз басында дауыссыздан кейін келетін сөздер: *тиін, киім, киік, киіз, киіт, тиын, диірмен, жиек, қисын, қиял, тиек, жиен, ниет, жиілік, кие, шие, шикізат, шиқыл, қисын, жинақ*, т.б.; сын есімдер: *қиын, жиі, тиісті, биік, киелі, биязы, шикі, тиесілі* т.б.; етістіктер: *тие, тиіс, жиыс, жина, қина, киін, жиіркен, биікте* т.б.; үстеулер: *биыл*.

Бұл сөздер буынға бөлінбейді, соған сәйкес тасымалданбайды. Сонымен қатар қазақ тілінің заңдылығы бойынша екі дауысты қатар келмейді. Ал жоғарыдағы сөздердегі *и* дыбысын дауысты деп танымыз ба, дауыссыз деп танымыз ба? Онда *и* дыбысын дауыссызға жатқызатын болсақ, тағы да буын ішінде дауыссыз дыбыстар тіркеспейтіні белгілі. Олай болса, *и* дыбысы қайдан шықты деген сұрақ туындайды. Біздіңше, бұл сөздерде *и* дыбысы *йй/ый* дыбыстарының орнына алынған. Бұл сөздерді буынға бөлгенде былай ғана бөле аламыз:

– зат есімдер: сөз басында дауыссыздан кейін келетін сөздер:

тиін – тййін, киім – кййім, киік – кййік, киіз – кййіз, киіт – кййіт, тиын – тыйын, диірмен – дййірмен, жиек – жййек, қисын – қыйсын, қиял – қыйал, тиек – тййек, жиен – жййен, ниет – нййет, жиілік – жййілік, кие – кййе, шие – шййе, шикізат – шййкізат, шиқыл – шййқыл, қисын – қыйсын, жинақ – жыйнақ, жиын – жыйын т.б.

латынмен: *ti'in – tii'in, ki'im – kii'im, ki'ik – kii'ik, ki'iz – kii'iz, ki'it – kii'it, ti'un – tyi'un, di'irmen – dii'irmen, ji'ek – jii'ek, qi'syn – qyi'syn, qi'ial – qyi'al, ti'ek – tii'ek, ji'en – jii'en, ni'et – nii'et, ji'ilik – jii'ilik, ki'e – kii'e, s'i'e – s'ii'e, s'i'kizat – s'ii'kizat, s'i'qyl – s'yi'qyl, qi'syn – qyi'syn, ji'naq – jyi'naq, ji'un – jyi'un* т.б.

сын есімдер: *қиын – қыйын, жиі – жййі, тиісті – тййісті, биік – бййік, киелі – кййелі, биязы – быйазы, шикі – шййкі, тиесілі – тййесілі* т.б.;

латынмен: *qi'un – qyi'un, ji'i – jii'i, ti'isti – tii'isti, bi'ik – bii'ik, ki'eli – kii'eli, bi'iazu – byi'azy, s'i'ki – s'ii'ki, ti'esili – tii'esili* т.б.;

етістіктер: *тие – тййе, тиіс – тййіс, жиыс – жыйыс, жина – жыйна, қина – қыйна, киін – кййін, жиіркен – жййіркен, биікте – бййікте* т.б.;

латынмен: *ti'e – tii'e, ti'is – tii'is, ji'ys – jyi'ys, ji'na – jyi'na, qi'na – qyi'na, ki'in – kii'in, ji'irken – jii'irken, bi'ikte – bii'ikte* т.б.;

үстеулер: *биыл – быйыл.*

латынмен: bi'yul – byi'yul.

Алайда бұл сөздерді енді қаріп тани бастаған балаға буынға бөлдірсек, айтуда қосылып тұрған *ы/і* дыбыстарын жазуда (көзтанымда) көрмегендіктен, бұлай дыбыстамайды. Баланың дыбыстауы былай болады: *ти-иін, ки-иін, ки-иік, ки-иіз, жи-иек* т.б. Мұны да қиындықтардың бірі делік. Осы сияқты жоғарыда берілген үш, төрт әріптен тұратындары тасымалданбайды. Мұны екі делік. Сонымен қатар дауысты дыбыстардың қатар келуі мен дауыссыз дыбыстардың буын ішінде қатар келуі қазақ тілінің заңдылығына сәйкес келмейді екен. Олай болса, жоғарыда берілген сөздерді қалай жазамыз деген сұрақ ойлануды, талқылауды қажет ететіні даусыз.

Ал егер жоғарыдағы **и** дыбысымен келген сөздерді айтылым бойынша *ы/і* дыбыстарымен қосып жазатын болсақ, **и** дыбысының басқа да позицияларын осыған сәйкестендіру керек болады. Мысалы, *и* дыбысы сөз соңында келетін зат есімдер: *алди, сәби, әліпби, ылди* т.б. сөздерін қалай жазамыз? Білі дыбыстарын қосар болсақ, *алди – алдiй, сәби – сәбiй, әліпби – әліпбiй, ылди – ылдiй* болар еді.

Латынмен: a'ldi' – a'ldii', sa'bi' – sa'bii', a'lipbi' – a'lipbii', yldi' – yldyi'

Бұл сөздерге енді тәуелдік жалғауын жалғасақ, тағы да *и* дауыстысына *ы/і* дыбысын жалғап, ережеге қайшы келеміз: *алдиі, сәбиі, әліпбиі*. Ендеше тәуелдікпен келгенде *алдiйi, сәбiйi, әліпбiйi* деп жазу керек болады. Бұлай жазу тіл дыбыстарының ережесіне сәйкес келіп, буынға, тасымалға бөлуге де ыңғайлы болар еді. Алайда көп уақыт бойы *сәби, алди, әліпби* сөздеріне *і* дыбысын алдынан қосып жазу (*алдiйi, сәбiйi, әліпбiйi – a'ldii'i, sa'bii'i, a'lipbii'i*) көзге жат көрінері әбден мүмкін.

И дыбысымен келген жоғарыдағы сөздерді *ы/і* қысаңдарды қосып жазар болсақ, мынадай сөздерді де соған сәйкес жазу керек болады.

Сын есімдер: *діни – дiнiй, рухани – руханый, мәдени – мәденiй, әдеби – әдебiй, қазақи – қазақiй, кітаби – кітабiй, адами – адамый, саяси – саясiй, әскери – әскерiй* т.б.;

Латынмен: dini' – dinii', ru'xani' – ru'xanyi', ma'deni' – ma'denii', a'debi' – a'debii', qazaqi' – qazaqyi', kitabi' – kitabii', adami' – adamyi', saiasi' – sai'asyi', a'skeri' – a'skerii' t.b.;

Осы сияқты **и** дыбысымен аяқталатын етістіктеріміз баршылық.

Етістіктер: *теңки, мәли, мелши, кірти, күржи, көнти, көмпи, бүкши, дүңки, қылжи, бұрти, делди, дүрди, кеки, керди, түкси, үрпи, шерми, шиди, ілми, жылми* т.б. Бұл етістіктерге *ып/іп* көсемше тұлғалары жалғанады: *теңкиіп, мәлиіп, мелшиіп, кіртиіп* т.б. **И** дыбысы бұл сөздерде дауысты болса, **п** варианты жалғанған болар еді. Демек, бұл жерде дауыссыз делік, онда буын ішінде екі дауыссыз қатар тұрмауы керек еді. Тағы да қайшылық туындайды. Мұндай қайшылық буын мен тасымалда да байқалады. Ендеше оларды қысаң дауыстылармен қосып жазар болсақ: *теңки – теңкiй, мәли – мәлiй, мелши – мелшiй, кірти – кіртiй, күржи – күржiй, көнти – көнтiй, көмпи – көмпiй, бүкши – бүкшiй, дүңки – дүңкiй, қылжи – қылжiй, бұрти – бұртiй, делди – делдiй, дүрди – дүрдiй, кеки – кекiй, керди – кердiй, түкси – түксiй, үрпи – үрпiй, шерм – шермiй, шиди – шiйдiй, ілми – ілмiй, жылми – жылмiй* т.б.

Латынмен: ten'ki' – ten'kii', mo'li' – mo'lii', mels'i' – mels'ii', kirti' – kirtii', ku'rji' – ku'rjii', ko'nti' – ko'ntii', ko'mpi' – ko'mpii', bu'ks'i' – bu'ks'ii', du'n'ki' –

du'n'kii', qylji' – qyljyi', burti' – burtyi', deldi' – deldii', du'rdi' – du'rdii', keki' – kekii', kerdii' – kerdii', tu'ksi' – tu'ksii', u'rpi' – u'rpii', s'erғm – s'erғmii', s'i'di' – s'ii'dii', ilmi' – ilmii', jylmi' – jylmyi' t.b.

Жоғарыдағы принципті ұстанар болсақ, екі әріптен тұратын *ми, би, жи, ки, қи, ти* сияқты сөздерді де былай жазу керек болады: **мый, бій, кій, қый, тій**.

Латынмен: *myi', bii', kii', qyi', tii'*.

И дыбысы сөз басында да кездеседі. Бұл жағдайда ол тек жіңішке сөздермен ғана келеді. Бұл сөздерді айтқанда, *i* қысаң дыбысы естіледі. Егер жоғарыдағы талдауларымызға сүйеніп, ұзақ *и* дыбысы қазақ тілінде жоқ дер болсақ, бұл сөздеріне де *i* қысаң дыбысын қосып жазуымыз керек болады:

Зат есімдер: *иірім – иірім, иіс – иіс, иісмай – иісмай, иін – иіін, иелік – ийелік, иінағаш – иінағаш, ие – иіе, иек – иіек, иеленуші – иіеленуші, иелік – ийелік* т.б.;

Латынмен: *i'irim – ii'irim, i'is – ii'is, i'ismai' – ii'ismai', i'in – ii'in, i'nelik – ii'nelik, i'inag'as' – ii'inag'as', i'e – ii'e, i'ek – ii'ek, i'eleny's'i – ii'eleny's'i, i'elik – ii'elik* t.b.;

Сын есімдер: *иілгіш – иіілгіш, иіссіз – иііссіз, иікемді – иікемді* т.б.;

Латынмен: *i'ilgis' – ii'ilgis', i'issiz – ii'issiz, i'kemdi – ii'kemdi* t.b.;

Етістіктер: *иіл – иііл, иі – иіі, иір – иіір, иіске – иііске, иелен – иіелен, иемден – иіемден* т.б.

Латынмен: *i'il – ii'il, i'i – ii'i, i'ir – ii'ir, i'iske – ii'iske, i'elen – ii'elen, i'emden – ii'emden* t.b.

Сөз соңындағы *я* және *е* дыбыстарының алдында *и* дыбысы келетін сөздер де бір жағы и, екіншіден, *я* дыбысының қатар келуімен күрделі.

Зат есімдер: *қария – қарыйа, құпия – құпыйа, дария – дарыйа, зиялы – зыйалы, зиян – зыйан, қиян – қыйан, қиянат – қыйанат, сияпат – сыйапат, дүние – дүнийе, тәрбие – тәрбиіе, несие – несііе, әулие – әулііе* т.б.;

Латынмен: *qari'ia – qaryi'a, quri'ia – quryi'a, dari'ia – daryi'a, zi'ialy – zyi'aly, zi'ian – zyi'an, qi'ian – qyi'an, qi'ianat – qyi'anat, si'iapat – syi'apat, du'ni'e – du'nii'e, ta'rbi'e – ta'rbiie, nesi'e – nesii'e, a'y'li'e – a'y'liie* t.b.;

Сын есімдер: *жария – жарыйа* т.б.

Латынмен: *jari'ia – jaryi'a* t.b.

Бұл сөздер дұрысында қысаң дыбыспен дыбысталады. Алайда жазуда *қария, құпия, зиялы, сияпат* т.б. болып жазылған соң, айтуда да солай қысып дыбыстап кеткенбіз.

Сондай-ақ: *ниет – нийет, мәдениет – мәденіет, өсиет – өсіет, қасиет – қасіет, әдебиет – әдебіет, өркениет – өркеніет, тәжірибе – тәжірібе* т.б. сөздерде қысаң *i* дыбысын қосып жазу да бірізділік үшін қажет.

Латынмен: *ni'et – nii'et, ma'deni'et – ma'denii'et, o'si'et – o'sii'et, qasi'et – qasii'et, a'debi'et – a'debii'et, o'rkeni'et – o'rkenii'et, ta'jiri'be – ta'jirii'be*

Демек, құрамында *и* дыбысы бар сөздер туралы айтылғандарымызды қорытындылар болсақ, біз не *и* дыбысын ереже қайшылығы, буын, тасымалдануына карамай, бұрынғыша сол күйінде қалдыру керек не *киім, қиын* сөздерін *кйім, қыйын* тұлғасына өзгертіп жазар болсақ, құрамында *и* дыбысы бар сөздердің барлығын жоғарыдағыдай етіп жазу қажет болады.

Ендігі проблема мәтіндерді автоматты аударма жасауға да қатысты. Егер *и* дыбысы бар сөздерді *ы/i* қысаң дыбысын қосып жазар болсақ, программаға *и* дыбысын *ий/іі*-дің қайсысына ауыстыру қажеттігін белгілеп беруіміз қажет. Ол

үшін құрамында *и* дыбысы бар сөздерді тізімдеп біртіндеп ауыстыруға болады. Не болмаса *и* дыбысымен келетін сөздерді жүйелеп, формальды модельге түсіріп, программаға нұсқаулық (ереже) етіп дайындайды. Олай етпесе, программа жаппай ауыстыра салады да, түсініксіз сөздер орын алады. Сондықтан, **мәтіндерді автоматты аударма жасау үшін сөздердің емлесі программаға үшін қажет.**

Бұл сөздерді осылайша жазу оларды буынға және соған сәйкес тасымалға бөлуге де мүмкіндік береді. Осындай жаңартпалар бірсыпыра. Жоғарыда айтып отырғанымыз тек төл сөздерімізге, оның ішінде «И» дыбысына ғана қатысты. Осы сияқты емледе проблема туғызатын мәселелер **у, я, ю** дыбыстарына қатысты сөздерді жазу.

Тіліміздің сөздік құрамы төл сөздер ғана емес, *кірме сөздер*, сонымен қатар сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған *қос сөздер, біріккен сөздер* т.б. Бұл орайда да емле мәселесі баршылық. Түптеп келгенде, әліпби ауыстыруда ең алдымен, осындай сөздердің емлесін жөндеп алуымыз қажет. Бұл әсіресе, кирилл қаріпті көптеген әдебиеттерді (мәтіндерді) автоматты жолмен латынға аудару үшін басты шешіп алатын мәселе. Өйткені автоматты аударма жасау, ол әріпті әріппен ауыстыра салу емес.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 32 б
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 102 б.
3. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : Ғылым, 1975. – 302 б.
4. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.
5. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 97 с.
6. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 5 б.

Материал редакцияға 05.01.2017 жылы түсті.

А.Ә.ЖАҢАБЕКОВА¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қолданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы

Г.Т.ЛЕГЕНОВА¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қолданбалы лингвистика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері

ҚАЗАҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ Я, Ю ФОНЕМАЛЫ СӨЗДЕРДІ ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШІРУДЕГІ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Аннотация: Қазақ тілінде кирилл қарпінің енуімен бірге сөздік құрамға етене еніп, емле ережелерін бағындырып алған тіліміздің табиғи дыбысталуы мен заңдылығына қайшы келетін тілдік құбылыстар баршылық. Орыс тілінен енген «ю», «я» дыбыстарынан тіпті де айырылғымыз жоқ, оларды қазақ тіліндегі естілімі бойынша *йұ/йуу*, *йа* деп жазсақ, үйреншікті көзшалымға жат сияқты көрініп, қабылдай алмай жатқанымыз да шындық. Сөздерді орфоэпия бойынша жазсақ, көзіміз «жақтырмай» қате көргендей шошынамыз. Мүмкін үйреншікті көзге осылай қабылдау заңды да болар. Алайда егер осылай жалғаса беретін болса, түбінде ұлттық жазу өз болмысынан алшақтап кететінінде дау жоқ. Ал қазақ жазуын латын қарпіне көшіру осындай «көзге түрпідей тиетін» өзгерістерді енгізу үшін өте қолайлы жағдай болып отыр. Кирилде «қате» көрінген мұндай жаңартпалар, латын қарпімен берілгенде көзге ұрмайды, халықтың көзшалымдық қабылдауына жеңілдік туғызады. Өйткені сөздерді латынмен жазғанда жаңартпалар ғана емес, сөз түбірімен басқа қаріптерге ауысып, өзгереді. Осы орайда қазақ жазуына ұлттық дыбыс жүйесі мен айтылым нақышына сәйкес тиімді реформа жасау кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Тақырыбы: Қазақ мәтіндеріндегі *я*, *ю* фонемалы сөздерді латын қарпіне көшірудегі емле ережелері

Түйін: Мақалада қазақ тіліндегі *я*, *ю* фонемалы сөздерді латын қарпіне автоматты жолмен көшіру емле ережелері жайлы айтылады.

Тірек сөздер: дифтонг, фонема, әріп тіркесі, кирилл қарпі, латын қарпі.

Тема: Правила орфографии при передаче слов с фонемами *я*, *ю* из казахских текстов средствами латинской графики

Резюме: В статье рассматриваются правила автоматического перевода на латинскую графику слов с фонемами *я*, *ю* в казахском языке.

Ключевые слова: дифтонг, фонема, сочетание букв, кириллица, латинская графика.

Subject: Spelling rules for the transfer of words with phonemes *я*, *ю* from Kazakh texts using Latin graphics

Abstract: The article deals with the rules for automatic translating of words with phonemes ‘я’, ‘ю’ in the Kazakh language into the Latin script.

Keywords: diphthong, phoneme, combination of letters, Cyrillic script, Latin script.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ жазуын латын қарпіне көшіру қарсаңында ұлттық құндылықтарымызды алпауыт елдер көшіне ілесе отырып, көзіміздің қарашығындай сақтап қалу ұлтымыздың болашағы мен келешек ұрпақ алдындағы борышымыз екенін әрбір ұлт өкілі сезінуі тиіс.

Осы мақсатта әліпби таңдау мәселесін былай қойғанда, қазақ жазуының емлесінде кезінде кеңестік заманның ықпалымен дыбыстау жүйесі мен жазудың арасында алшақтық орын алып, «баба тілімізден» алыстап бара жатқанымыз жасырын емес. «Еріндікпен» еріндерін дөңгелете желдіре жатық сөйлейтін қазағымыздың «қоңыр» даусы «езулікке» құрылған жазудың әсерінен «қоңыр» дауыстан айырылып, «езу тартқан» аумалы-төкпелі «саңғыр» дыбыстарға айналып барады. Қазақ тілінің ұлттық болмысын сақтап қалу және ұлттық сөз нақышын қайта жаңғырту жазуды латын қарпіне көшіру қарсаңында өте үлкен жауапкершілікпен, жанқиярлықпен, жанашырлықпен атқарылатын келелі жұмыс. Осы ретте ендігі емле мәселесін жүзеге асыруда тілші мамандардың атқарар жұмысы жауапты әрі өте күрделі. Мұны екінші кезектегі үлкен шара деп санау қажет. Өйткені мемлекеттік тіл қазақ тілінің дыбыстық жүйесін әліпби ауыстыру қарсаңында қайта реформалау тіліміздің ұлттық сипатын жоғалтпаудың, оның жасампаздығы мен өміршеңдігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болмақ.

Қазақ тілінде кирилл қарпінің енуімен бірге сөздік құрамға етене еніп, емле ережелерін бағындырып алған тіліміздің табиғи дыбысталуы мен заңдылығына қайшы келетін тілдік құбылыстар баршылық. Орыс тілінен енген «ю», «я» дыбыстарынан тіпті де айырылғымыз жоқ, оларды қазақ тіліндегі естілімі бойынша *йұ/йүу, йа* деп жазсақ, үйреншікті көзшалымға жат сияқты көрініп, қабылдай алмай жатқанымыз да шындық. Сөздерді орфоэпия бойынша жазсақ, көзіміз «жақтырмай» қате көргендей шошынамыз. Мүмкін үйреншікті көзге осылай қабылдау заңды да болар. Алайда егер осылай жалғаса беретін болса, түбінде ұлттық жазу өз болмысынан алшақтап кететінінде дау жоқ. Ал қазақ жазуын латын қарпіне көшіру осындай «көзге түрпідей тиетін» өзгерістерді енгізу үшін өте қолайлы жағдай болып отыр. Кирилде «қате» көрінген мұндай жаңартпалар, латын қарпімен берілгенде көзге ұрмайды, халықтың көзшалымдық қабылдауына жеңілдік туғызады. Өйткені сөздерді латынмен жазғанда жаңартпалар ғана емес, сөз түбірімен басқа қаріптерге ауысып, өзгереді. Осы орайда қазақ жазуына ұлттық дыбыс жүйесі мен айтылым нақышына сәйкес тиімді реформа жасау кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Құрамына өзгеріс енгізетін мұндай сөздер көбінесе құрамында *и* және *у* және *ю, я* дыбыстары бар сөздер. *И* және *у* дыбыстарының буын құраушылық сипаты мен емлесіне қатысты мәселелер біздің алдыңғы мақалаларымызда арнайы қарастырылды. Бұл мақалада **я, ю** дыбыстары кездесетін сөздердегі буынға бөлу проблемалары мен емлесіне қатысты сөз болады.

Қазақ тіліне кезінде кирилл қарпімен бірге орыс тілінен *ю, я* әріптері енді. Бұлар да *и, у* дыбыстары сияқты дифтонг дыбыстар делініп, дауыстыға жатқызылады. Сөйтіп, *ая, сая, жая, аю, қою, ою, қоян, ноян* т.б. құрамында осы әріптер бар сөздерімізде екі дауысты қатар тұра беретін болды. Бұған көз де үйренді. Енді осыны *айа, сайа, жайа, айұ, қойұ, ойұ, қойан, нойан* т.б. деп жазсақ, көзге жат сияқты

көрінді. Алайда бұл осылай жазылуға тиісті еді. Себебі, біріншіден, *я, ю* әріптері қазақтың төл әріптері емес, бірі екі дыбыс, екіншісі үш дыбыстан тұрады.

Екіншіден, морфема ішінде екі дауысты қатар тұрмайды, бұл жағынан қазақ тіліндегі дыбыс тіркесіміне қайшы келеді, үшіншіден, *и, у* дыбыстары бар сөздер сияқты буынға бөлуде қиындық тудырмағанмен, яғни буынға бөлінгенмен, екінші, үшінші, яғни сөздің соңғы буындарында жалғыз тұрып буын құрайды. Ал қазақ тілінде басқа дауысты дыбыстар жалғыз тұрып, сөздің басында ғана буын құрайды. Мысалы, *а-на, О-тан, е-тік* т.б. Ал *йа* және *йұ/йүу* болғанда олар құрамындағы екі және үш фонема арқылы буын құрап, соңғы екінші, үшінші, соңғы позицияларда жалғыз тұрмай, қосар дыбыстарымен бірге буын құрайды: *а-йа, са-йа, жа-йа, а-йұ, қо-йұ, о-йұ, қо-йан, но-йан* (латыншасы: *a-i'a, sa-i'a, ja-i'a, a-i'uy', qo-i'uy', o-i'uy', qo-i'an, no-i'an*).

Үшіншіден, *ая, сая, жая, аю, қою, ою, қоян, ноян* сияқты тасымалдай алмайтын болсақ, енді *са-йа, жа-йа, қо-йұ, қо-йан, но-йан* сияқты сөздерді тасымалдай алатын боламыз.

Сонымен, осылайша, жоғарыдағыдай *я, ю* әріптерін дыбыстық құрамына қарай *йа, йұ/йүу* деп таратып жазар болсақ, *я, ю* әріптерінің сөздер ішіндегі барлық кездесу позицияларын анықтап алу қажет. Өйткені бұл әріптер барлық позицияда *йа, йұ/йүу* болып орфограммалана ала ма деген сұрақ туындайды. Мұны анықтау әсіресе, кирилл қаріпті мәтіндерді латынға автоматты көшіру ісі үшін маңызды.

Я әрпімен жазылатын сөздер қазақ тілінде сөз басында көп кездеспейді. Олар: *яғни, яки, я, япырай, япырмай, япырау* сөздері. Мұнда да *япырай* сөзінің варианттарының есебінен шығып отыр. Латынмен: *i'ag'ni', i'aki', i'a, i'arygai', i'arygtai', i'arygau'*. Компьютерлік программа *я*-дан басталатын сөздерді *йа* дыбыстарына автоматты түрде көшіргенде ешқандай «қалыс» (исключение) жағдайлар болмайды. Сондықтан мұндайда компьютер бағдарламасына сөз басындағы *я*-ны түгелдей *йа*-ға ауыстыруға болады. Ал *я*-дан басталатын *январь, янтарь* сөздерінің тілімізде қазақша баламасы бар, әрі бұл сөздерді де кирилмен *йанварь, йантарь*, латынмен: *i'anvar, i'antar* деп жаза беруге болатын сияқты. (Әрине латынға ауысқанда кирилдегі жазуы тек емле ережелерін түсіндіру және программа үшін ғана қажет).

Ал *я* әрпінің алдында *и* фонемасы тұрса, онда *и* мен *й* қатар келіп қалады. Мысалы: *қия – қийа, қария – қарийа, зиян – зийан* деп көшіріледі. Егер мұндай *ия* әріп тіркестері бар сөздердің емлесін қайта қарастырып, *и* фонемасының орнына қысаң *ы/і* дыбыстарын қосып, *қария – қарыйа, құпия – құпыйа, дария – дарыйа, жария – жарыйа* (*qaryi'a, quryi'a, daryi'a, jaryi'a*) деп жазар болсақ, *и*-дың орнына *ы/і* фонемаларын жазғанда әріп саны көбеймейді. Демек, *ия* әріп тіркесі бар сөздерді латын қарпіне автоматты көшіруде *ия*-ны *ыйа* дыбыстар тіркесіміне ауыстыру туралы программаға арналған ереже беру керек.

Ал егер бұл сөздерге қысаң *ы/і* дыбыстарын қосып жазбайтын болсақ, *я* әрпінің алдында *и* фонемасы келсе, *а* болып қана өзгереді деген ереже керек. Яғни *қария – қариа, құпия – құпиа, дария – дариа, жария – жариа* (*qari'a, quri'a, dari'a, jari'a*). Алайда бұл сөздер қазақ тілі сөздері болғандықтан, дыбыстар тіркесім заңдылығына сәйкес *ы/і* қысаң дыбыстарын қосып, ұзақ *и* орнына қысқа *й*-ды берген дұрыс болар еді: *қарыйа, дарыйа, жарыйа* деп.

Бұл сөздер дұрысында қысаң дыбыспен дыбысталады. Алайда жазуда *қария,*

құпия, дария, жария т.б. болып жазылған соң, айтуда да солай қысып дыбыстап кеткенбіз.

ия әріп тіркесімінен тұратын қазақ тілінде халықаралық терминдер, орыс тілінен енген сөздер, терминдер бар. Мысалы: *станция, милиция, демократия, деривация, морфология, лексикология* т.б. толып жатыр. Егер *я* әрпін латын қаріпті әліпбиде белгілемейтін болсақ, осындай терминдерді қалай жазамыз деген сұрақ туындайды. Жоғарыдағы *ия-ыйа* дыбыстар тіркесіміне ауыстыра салсақ былай болар еді: *станцыйа, милицыйа, демократыйа, деривацыйа, морфологыйа, лексикологыйа*. Ал бұлай жазар болсақ, терминдерді дыбыстауымыз да дұрыс болмай қалады. Сондықтан бұл жерде *ия* тіркесіне қатысты басқаша келу керек.

Жоғарыдағы *ия* әріп тіркесімен келетін қазақ сөздерінің алдына *ы/і* қысаң дыбыстарын қосып жазуға көзшалым мен естілімде қабылдауға мүмкін болса, *станция, милиция, демократия, деривация, морфология, лексикология* сөздерінде *я-ны а* фонемасымен ғана ауыстыру керек: *станция – stanci'a, милиция – mi'li'ci'a, демократия – demokrati'a, деривация – deri'vaci'a, морфология – morfologi'a, лексикология – leksi'kologi'a*. Демек, қазақ сөздеріне арналған *ия* дыбыс тіркесін *ыйа*-ға ауыстыру туралы ереже бұл сөздерге жүрмейді. Программа тілдік бірліктерді формалды тұрғыдан ғана танитын болғандықтан, *ия* әріп тіркесін латын қарпіне ауыстыруда екі түрлі ереже жасау қажет болады. Мұндайда *ия* әріп тіркесімен келетін қазақ сөздері аз болғандықтан, *ия-ны* ауыстырудағы «қалыс» (исключение) жағдайлар ретінде программаға сол сөздердің тізімін беру керек. Өйткені терминдер төл сөздерімізден көп.

2016 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» жасау кезінде құрастырылған «Қазақ тілінің сөз-формалар» сөздігінен алынған «Әріп тіркесінің жиілік сөздігінде» жалпы саны 76718 әріп тіркесі кездескен. Соның ішінде *ия* әріп тіркесі 1079 рет кездесіп, жиілігі бойынша 124 орында. Демек, жиілігі жағынан жоғары екендігін көрсетеді. Бұл *ия* әріп тіркесінің қазақ сөздерінде сирек кездескенмен, терминдер есебінен жоғары жиілікті көрсетіп отыр.

Я фонемасы екінші орында келетін тілімізде мынадай сөздер бар: *ая, ұя, оян, оят, ұят, аят, ояу, ұяң, аяң* т.б. Бұл сөздердігі *я-ны йа-ға* ауыстырса: *айа, ұйа, ойан, оят, ұйат, аят, ойау, ұйаң, айаң* (ai'a, ui'a, oi'an, oi'at, ui'at, ai'at, oi'ay', ui'an', ai'an'). Алайда бұл жерде тағы да *я* әрпі екінші орында тұратын термин сөздерді ескеру керек.

Я фонемасы үшінші орында тұратын сөздер: *баян, баяу, шаян, қоян, тоят, қаяу, саясат, баялыш, баяндама, жая, сая, даяшы, даяр, жаяу, зая, пая, мая, тая* т.б. Сонымен қатар сөз түрленімде *й* дыбысына біткен етістіктерге көсемшенің *-а* тұлғасы жалғанғанда *й+а* тіркесімі орыстың *я-сымен* жазылады. Мысалы: *қой+а – қоя, жой+а+ды – жояды, той+а+сың – тоясың, азай+а – азаяды, жай+а – жаятын* т.б. сөзформалар.

Бұл сөздердегі *я* фонемасын *йа-ға* ауыстырып жазып көрейік: *байан, байау, шайан, қойан, тойат, қайау, сайасат, байалыш, байандама, жайа, сайа, дайашы, дайар, жайау, зая, пайа, майа, тайа* т.б. латынмен: bai'an, bai'ay', s'ai'an, qoi'an, toi'at, qai'ay', sai'asat, bai'alys', bai'andama, jai'a, sai'a, dai'as'y, dai'ar, jai'ay', zai'a, pai'a, mai'a, tai'a.

Сөз соңында *я* әріпті сөздер аз кездеседі: *қария, құпия, дария, жая, жанұя, зая,*

сая, ая, мая, пая. Сөз соңында кездесетін я дыбысты сөздер -а көсемше формалы етістіктер есебінен толығады. Мысалы, *қоя, жоя, жая, ақырая, шалқая, аңқая, қомпая, томпая* т.б. Бұл сөзформаларда да я-йа болып көшіріледі: *қойа, жойа, жайа, ақырайа, шалқайа, аңқайа, қомпайа, томпайа* т.б. (*qoi'a, joi'a, jai'a, aqurai'a, s'alqai'a, an'qai'a, qomrai'a, tompai'a*).

Сөз соңында я фонемасы термин сөздерде жиі кездеседі: *батарея, авария, поэзия, диарея, бакалея, ария, автономия* т.б. Жоғарыда ия әріп тіркесімен келген төл сөздер мен термин сөздер туралы айтқан едік. Онда я әрпі алдында и фонемасы келсе, а болып қана өзгереді деген ереже беру керек дедік. Ал енді я фонемасының алдында и-дан басқа дыбыс келсе (дауысты), бұл ереже дұрыс болмайды. Мысалы: *бакалея, батарея* сөздерінде я-ны а-ға ауыстыра алмаймыз. Яғни *бакалеа, батареа* демейміз. Дұрысы: *бакалейя, батарейя* (*bakalei'a, batarei'a*). Олай болса, латын қарпіне көшіру программасына ия әріп тіркесінен басқа жерде я фонемасы йа болып таңбаланады деген ереже беру керек.

Сонымен,

1) ия әріп тіркесімен келетін қазақ сөздерінде (*қия, қиян, жия, қария, құпия, жария, дария* т.б.) я фонемасын ййа әріп тіркесіміне ауыстыру керек. Сонда: *қыйа, қыйан, жыйа, қарыйа, құпыйа, жарыйа, дарыйа* (*qyi'a, qyi'an, jyi'a, qarui'a, qyui'a, jaryi'a, daryi'a*);

2) ия әріп тіркесімен келетін термин сөздерде я-ны а фонемасымен ғана ауыстыру керек. Яғни: *станция – stanci'a, милиция – mi'li'ci'a, демократия – demokrati'a, деривация – deri'vaci'a, морфология – morfologi'a, лексикология – leksi'kologi'a*.

3) ия әріп тіркесімінен басқа термин сөздердегі я-ны йа-мен таңбалап көшіру керек. Мысалы: *бакалейя, батарейя* (*bakalei'a, batarei'a*).

Ал енді ю фонемасына келсек, қазақ тіліне ю әрпі орыс тілінен енген. «Әріптердің жиілік сөздігінде» 42 әріптің ішінде көлемі 6-7 миллион сөзқолданыстан тұратын мәтінде 11861 жиілікпен 37-ші орында тұрады екен. Бұл жиіліктің өзі термин сөздердің есебінен шығып отыр. Ал қазақ тілінде ю-мен келетін сөздер сирек: *аю, ою (оюла) қою (қоюлан, қоюлану, қоюлық)*. Ю фонемасы қазақ тілінде үш дыбыстың қосындысынан тұрады. Оның жуан және жіңішке варианты бар: *йү/йүйү*. (Езулік дауыстылармен келген сөздерге жалғанғанда қысаң естіледі: *йыу/ййу*). Жоғарыдағы сөздерді былай жазу керек болады: *айү, ойү, ойүла, қойү, қойүлан, қойүлық*. Латынша: *ai'yu', oi'yu', oi'yu'la, qoi'yu', qoi'yu'lan, qoi'yu'lyq*.

Ю фонемасын қазақ тілінің дыбыстық әуезіне сәйкес осылай үш әріппен жазған қай жағынан алса да, дұрыс болады. Ю-ды иу деп ауыстырған ешқандай нәтиже бермейді, яғни қазақ тілінің дыбыс жүйесін түзетуге, дұрыс емле жасауға септігін тигізбейді, сөйтіп, ю-ды қазақ әліпбиінен алып тастағанның еш мәнісі болмайды. Мысалы: *аиу- ai'y', қоиу- qoi'y'* деп жазсақ, иу деген тіркес қазақ тілінің заңдылығына жат. Қазақ тілінде иу-мен келетін сөздер бірлі-жарым ғана (миуа, диуана, хиуалық).

Бұл иу әріп тіркесімен келетін сөздер негізінен термин сөздер болып келеді. Олар: *социум, аквариум, натариус, президиум, радиус, триумф, континиум* т.б. Бұл әріп тіркесі 1079 әріп тіркесімінен (диграф) 402 жиілікпен 649-шы орында тұрады екен. Біздіңше, бұл жиілік термин сөздердің есебінен шығып отыр.

Қазақ тілінде ю әрпінен сөз басталмайды, тек терминдерде ғана кездеседі:

юмор, юрист, юпитер.

Қазақ мәтіндерінде *ю*-мен келетін термин сөздер кездесе, *ю* таңбасы латын қарпінде жоқ болғандықтан, *ю* күйінде қалдырылмайды, оны басқаша таңбалау қажет болады. Ал енді жоғарыдағыдай термин сөздерді *йұу/йүү* деп таңбалай аламыз ба?

йұумор, йұурист, йұунитер - i'у'мor, i'у'ri'st, i'у'pi'ter.

Әлде мұндай термин сөздерге келгенде орыс тілінің тіркесім заңдылығымен *иу* деп берсе ше?

иумор, иурист, иунитер - i'у'мor, i'у'ri'st, i'у'pi'ter

Мұны алда емле жасаушылар ойластыру қажет. Ал автоматты аударым жасау жазу емлесінің шешіміне негізделеді.

Қазақ тілінде *ю* фонемасы негізінен термин сөздерде кездеседі. Олар: *абсолют, революция, бюллетень, глюкоза, интервью, июль, компьютер, сюжет, маникюр, юбилей, продюссер, флюорография* т.б. Бұл сөздерді латын қарпімен беруде де жоғарыдағы ереже ескеріледі. Яғни *иу* дыбыс тіркесімен берсе: *absoliut, revoliuci'a, biulleten, gliukoza, i'nterviu, i'iul, kompiuter, siujet, mani'kiur, iubi'lei', prodiusser, fliurografi'a.*

Сонымен қатар бұлардың ішінде *ия* әріп тіркесімен бітетін *революция, флюорография* сияқты сөздерде *я*-ға қатысты да емлені сақтау керек. Яғни *я*-ның алдында *и* тұрса, автоматты аударымда *а* әрпін ғана жазу керек.

Ю фонемасы сонымен қатар қазақ тілінде *й*-ға біткен етістіктерге *у* тұйық етістік жалғанғанда кездеседі. Мысалы: *құй*+*у* – *құю*, *жой*+*у* – *жою*, *ой*+*у* – *ою*, *түй*+*у*–*түю*. Бұл сөздердегі *ю* фонемасын *йұу/йүү* түрінде жазатын болсақ, *құйұу, жойұу, ойұу, түйүү* (qui'у', joi'у', oi'у', ju'i'у', tu'i'у') болады.

Мұндай сөздерде *ю* әрпін *йұу/йүү*-ге автоматты көшіргенде проблема жоқ. Проблема *ю* әрпінің алдынан *и* фонемасы тұрғанда көрінеді. Мысалы, *жию, тию, қию* сөздерінде *ю* әрпін жоғарыдағыдай *йұу/йүү*-ге ауыстыра салуға келмейді. Жазып көрейік: *жийұу, тийүү, қийұу* (ji'i'у', ti'i'у', qi'i'у') десек, дұрыс болмайды. Бұл жерде екі қиындық бар. Бірі екі *и* фонемасы қатар келіп қалады, екіншіден, *и* фонемасының өзі дауыссыздардан кейін тұрғанда алдынан *ы/і* қысаң дауыстылары дыбысталады және оларды қосып жазу қажет. Сонда жоғарыдағы сөздерді былай жазамыз: *жыйұу, тийүү, қыйұу* (ju'i'у', ti'i'у', qi'i'у'). Бұлай жазсақ, *ы/і* дауыстылары *и* дыбысының орнына жазылады. Ендеше, мұндай қимыл атауларын латынға көшіргенде *ио* әріп тіркесінен тұратын қазақ сөз формаларын (*у* тұйық етістік формалы *и* дыбысына бітетін етістіктерді) *ийұу/йүү* формасына ауыстыру керек. Мұны автоматты түрде ауыстыруға келмейді. Өйткені жуан/жіңішке вариантын программа тани алмайды. Сондықтан қазақ тілінде мұндай сөз формалары көп емес болғандықтан, оларды осы емлемен тізімдеп жазып қана программаға беру қажет.

Сонымен қатар *ю* фонемасы қазақ сөз формаларында *йы* әріп тіркесіне біткен етістіктерге *у* тұйық етістік жалғанғанда пайда болады. Олар мынадай етістіктер: *байы* + *у* – *баю* т.б. Мұндай сөздерде де *ю* фонемасы *йүү* триграфына оңай көшеді: *байүү* – bai'у'.

Сонымен, *ю* фонемасын қазақ сөздерінде кездескенде *йұу/йүү* триграфына, ал термин сөздерде *иу* етіп латынға көшірсе, дұрыс болар еді. Ал кейбір жағдайлар (аз сөздер болса) «қалыс» (исключение) жағдайлар ретінде программаға тізімделіп беріледі.

Түптеп келгенде, әліпби ауыстыруда ең алдымен, осындай сөздердің емлесін

жасап алуымыз қажет. Бұл әсіресе, кирилл қаріпті көптеген әдебиеттерді (мәтіндерді) автоматты жолмен латынға аудару үшін басты шешіп алатын мәселе.

ӘДЕБИЕТ

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 62 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 47 б.
4. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : Ғылым, 1975. –302 б.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.
6. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. –Алма-Ата: Наука,1985. – 97 с.

Материал редакцияға 05.01.2017 жылы түсті.

О. ЖҰБАЕВА¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ МЕТАТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

Аннотация: Бүгінгі таңда когнитивтік бағыттағы зерттеулерде тілдегі білімнің көрінісін сипаттауға бағытталған ізденістер жанданып келеді. Жалпы тіл біліміндегі жаңа бағыттар ретінде сипатталғанмен, қазақ тіл білімінде бұл бағыттағы зерттеулер А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ақиқат болмысты танып-түсіну нәтижесінде жинақталған ақпарат тілде көрініс табады. Ғаламды сөзбен көрсету субъективті сипатта, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Адамның болмысты тану, түсіну нәтижесінде жинақтаған білімі тілдік бірліктерде көрініс табады. Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын қабылдау арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды. Адамның танымдық әрекеті – ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақталған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуіне бағытталады. Адам қашанда әлемді танып, өз орнын айқындауға талаптанады.

Тақырыбы: А.Байтұрсынұлы – когнитивті лингвистиканың метатілін қалыптастырушы

Түйін: Тіл – мәдениеттің құралы, құраушы бөліктерінің бірі болумен қатар белгілі бір тілдік ортада дамиды этникалық тұлғаның өзегін құрайды. Әрбір сөйлермен мәдениетті жеткізуші болып табылады, тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде де қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді.

Тірек сөздер: тіл, когнитивті лингвистика, метатіл, лексика, грамматика, категория.

Тема: А. Байтұрсынұлы – основатель метаязыка когнитивной лингвистики

Резюме: Язык – инструмент культуры, являющийся одной из её составных частей; он является ядром развивающейся этнической идентичности в конкретной языковой среде. Каждый оратор – культурно чувствительный человек, а лингвистические символы используются как символ культуры и представляют собой особенность национальной культуры.

Ключевые слова: язык, когнитивная лингвистика, метаязык, лексика, грамматика, категория.

Subject: A. Baitursynov is the founder of meta-language of cognitive linguistics

Abstract: Language is the instrument of culture, which is one of its constituent

parts; it is the core of developing ethnic identity in a specific linguistic environment. Every speaker is a culturally sensitive person, and linguistic symbols are used as a symbol of culture and represent a feature of the national culture.

Keywords: language, cognitive linguistics, meta-language, vocabulary, grammar, category.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодын сақтай білу», – деген болатын. Бұл орайда А.Байтұрсынұлы еңбектері – ұлттық кодқа негіз бола алады. Ұлттық тілді ұлтты, қоғамды дамытудың, ілгері бастырудың құралы ретінде пайдаланған ғалым оқулықтарын «Тіл құрал» деп атаған. «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз» – деп жазған ғалым атауларды (термин) қазақ тілі негізінде жасап шығарған. Ол ұстанымды когнитивті грамматикаға қатысты атауларынан да айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда когнитивтік бағыттағы зерттеулерде тілдегі білімнің көрінісін сипаттауға бағытталған ізденістер жанданып келеді. Жалпы тіл біліміндегі жаңа бағыттар ретінде сипатталғанмен, қазақ тіл білімінде бұл бағыттағы зерттеулер А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ақиқат болмысты танып-түсіну нәтижесінде жинақталған ақпарат тілде көрініс табады. Ғаламды сөзбен көрсету (А.Байтұрсынұлы термині) субъективті сипатта, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Адамның болмысты тану, түсіну нәтижесінде жинақтаған білімі тілдік бірліктерде көрініс табады. Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын қабылдау арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды. Адамның танымдық әрекеті – ақиқат болмысты тануға, қоршаған органы түйсініп, жинақталған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуіне бағытталады. Адам қашанда әлемді танып, өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл – сөйлерменнің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Тіл – адам санасының көрсеткіші. «Тіл – мәдениет – этнос» мәселесінде этномәдени сананың орны ерекше. Этномәдени сана – белгілі бір қоғам үшін әлеуметтік мәні ерекше болатын білімдер жиынтығы, ол тіл арқылы көрініс тауып, сақталып отырады. Себебі тіл, мәдениет, этнос өзара тығыз байланысты. Тіл – мәдениеттің құралы, құраушы бөліктерінің бірі болумен қатар белгілі бір тілдік ортада дамытын этникалық тұлғаның өзегін құрайды. Әрбір сөйлермен мәдениетті жеткізуші болып табылады, тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде де қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді.

Адамның болмысты түсінуі таным әрекетінің маңызды үдерістерінің бірі – концептуалдаумен тығыз байланысты. Ол адамның ақпаратты қабылдап, тәжірибесіндегі ең кіші бірліктерді айқындауына, заттар мен құбылыстарды

концепт түрінде жіктеуіне байланысты болады. Бұл концептілердің негізгі бөлігі тілде сөз мағынасы арқылы бекиді, сол арқылы білім сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырады. А.Байтұрсынұлы көрнек өнерінің бес түрін (сәулет өнері, сымбат өнері, сүгіреттеп көрсету өнері, әуез өнері, сөз өнері) көрсетіп: «Өнердің ең алды *сөз өнері* деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйтеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – дейді [1, 341]. Осы бір шағын мәтінде ғалым концептуалды мазмұн мен тілдің өзара байланысын, концептуалды мазмұнды тілдің көмегінен сипаттау мүмкін еместігін, санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алатынын ескертеді.

А.Байтұрсынұлы сөз өнері ғылымын екіге бөледі: 1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы. *Тілінің ғылымы* дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ал *түрінің ғылымы* сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді. Ғалым сөз өнері адам санасының үш негізіне (1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге) тірелетінін айта келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді (Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, берне-леу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түйю, талғау) де: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау», – деп қорытады.

Сан ғасырлар бойы жинақталған білім қоры салт-дәстүр, дағды біліктер, ойлау ерекшеліктері, дүниетаным белгілі бір этникалық мәдени қауымдастыққа тән сипат алады. Тілдік таңба этнотілдік сананың көрсеткіші болып табылады. Тіл мәдениеттің дамуына ықпал етіп отырады. Белгілі бір этникалық және мәдени қауымдастықтың өкілі ретіндегі жеке адамның ойлауы тілге байланысты болады. Тіл – халықтың рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді. Сол себепті тіл, әр ұлттың мәдениеті ерекше болады. Оларды біріктіруге болмайды. Бүгінгі таңдағы шеттілдік атаулардың орнына А.Байтұрсынұлы түсінікті де ыңғайлы қазақы атауларды пайдаланған. Қазіргі кезде когнитивті бағыттағы зерттеулерде «языковая картина мира» «дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген аудармалар қолданылып жүр. Бұл орайда ғалым «ғаламды сөзбен көрсету» деген атауды ұсынады: «Ақын-жазушылар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты *ақындық* болады».

«Дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген баламалар – қазақ тілінің сөзжасам, сөзқолданан табиғатына қайшы,

калька жолымен жасалған. «Тілдік тұлға» атауына қатысты да соны айтуға болады. Ал А.Байтұрсынұлы ұсынған «ғаламды сөзбен көрсету» деген атау қазақы дүниетанымға тән, дәл атау екеніне талас жоқ. Сол себепті бұл атауды ғылыми айналымға енгізу қажет.

А.Байтұрсынұлы: «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деген еді [1, 369-б.]. Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрін бірдей қазақша дұрыс сөйлеп тұр деп қабылдай беруге болмайды. А.Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін:

1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін көрсеткен еді [1, 350-б.].

Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [1, 142-б.], – деп жазған еді.

А.Байтұрсынұлы ұстанымдары терминжасамда негізгі бағдар болуға тиіс. Тіл тағдыры мен ұлттың тағдыры тығыз байланысты. А.Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – деуінің терең астары бар.

А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категориялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Тілдік семантика тілдік танбаларда бейнелейтін, сөз таптары арқылы көрініс табады. Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер береді, яғни түрліше сипатталып, әртүрлі ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа сияқты әмбебап сипатты негізгі концептілерде көрініс табады.

Ғалым еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым былай дейді: «Сөздердің

кейбіреуі нәрсенің өзін атайды» [2, 160-б.]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсенің атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерін шәкірт балаларға арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл құралы» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика дыбыс жүйесі мен түрлері – морфология сөз жүйесі мен түрлері – синтаксис сөйлем жүйесі мен түрлері деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл – жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруін ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Қ.Жұбанов, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы т.с.с.) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда меже етеді.

А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның «морфологиялық концепт» деген атауды қолданбаса да, оның табиғатын, өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз. Грамматика мен лексиканың өзара қатысын сипаттай келіп, ғалым тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, олардың грамматикада көрініс тапқан ұғымдар (және концептілер) құралатынын түсінген.

А.Байтұрсынұлы сөз таптарына берген анықтамасында да когнитивті грамматиканың метатілін қалыптастырған: «Демеу дегеніміз – екі сөздің арасын, яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер немесе кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз» [2, 54 б.]. Яғни ғалым сөз таптарын логикалық тұрғыдан ғана сипаттамай, грамматикалық талдауларға иек артқан.

Тарихи даму барысында танымның екі түрі – *сезімдік* және *логикалық* таным қалыптасқан. *Сезімдік таным* адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, *логикалық таным* ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған. Тіл адам дүниетанымын білдіреді. Ғалам бейнесі – адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, дәм) қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Концептілер негізінен *бейвербалды түзілім* болып табылады. Оларға сенсорлық және моторлы репрезентациялар негіз болады. Сол себепті концептінің қалыптасуы үшін тілдің керегі бола қоймайды. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның сезім мүшелері түгел қамтылған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [2]. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулерін мектеп оқулықтарының авторлары ескеріп, деректі және дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезім мүшелері түгел қамтылуы керек деп ойлаймыз.

Тілдің сөздік құрамын зерттеу арқылы сөйлермендердің тілінде көрініс тапқан негізгі құндылықтарды айқындауға болады. Бұл орайда тілдің тұрпат

межесімен қатар мазмұн межесін де ескеру қажет. Тілдік семантика белгілі бір тілдік ұжымға және жеке сөйлерменге тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды. Адам мен халықтың дүниетанымын бейнелейтін адамзат санасы мәдениеті мен тілі арқылы көрініс табады. Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Этномәдени ақпарат санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған әлем бейнесі көрінеді. Ғаламның тілдегі көрінісі осы тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы болып табылады. Әрбір жаңа ұрпақ (буын) ана тілін меңгерумен қатар ұлттық сипат, дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де қабылдайды. Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар сөйлерменін қалыптастырады, оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын, идеологиясын айқындайды. Әр халық мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вербалды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Жастардың үлкендердің сөзін түсіне алмауы немесе ақын-жазушылардың шығармаларын түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды.

Қазіргі кезде тіл білімі тілдің лексикалық, грамматикалық жүйесінде әлемнің концептуалдану ерекшелігін, яғни тілдің ғаламды қалай жіктейтінін, оны қалай көрсететінін, бейнелейтінін зерттеп, табиғи тілдің метатілге айналу үрдісін тексеруді мақсат етіп отыр. Бұл орайда әсіресе грамматикалық категорияға, яғни сөз таптарына семантикалық интерпретация жасау, семантикалық тұрғыдан сипаттау ерекше маңызды болады. Сөз таптарының когнитивті сипаты «әлем – адам – таным – тіл – адам – әлем» үлгісі бойынша үнемі өзгеріп отыратын тілдің мәнін түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ әлемді тануда когнитивті құбылыс ретіндегі таным ерекшелігін, тілдің қызметін айқындауға жол ашады. Концептуалды мазмұнды талдамайынша, тілдік формалардың қолданыс ерекшеліктерін түсіндіріп беру мүмкін емес. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары адамның ғалам туралы түсініктерімен, концептуалды жүйемен тығыз байланысты болады. Түрлі деңгейдегі концептілер мен білімнің түрлі форматтарын, білімнің ұйымдасу тәсілдерін түсіну арқылы ғана адам тілдің қолданысын толыққанды түсіне алады. Лексика санада көрініс тапқан заттар мен құбылыстардың ерекшелігін зерделеп, белгілі бір тілде сөйлейтін, нақты тілдік ұжым танып, игерген ғалам бейнесін репрезентациялайды. Ғалам бейнесі жекелеген құрауыштарын (заттар мен құбылыстарды) ғана емес, сонымен қатар олардың арасындағы байланысты да түйсінуді қажет етеді. Синтаксис ғаламның бөлшектенетін құрауыштарының байланыстарын тексереді. Морфология – тілдік білімді объективтендіретін, ғалам туралы білімді құрайтын сала болып табылады. Онда морфологиялық категориялар мен тұлғалардың тілде қалай концептуалданатыны туралы білім қоры жинақталып, адамның концептуалды жүйесін құруда маңызды орын алатын, ғалам бейнесін қалыптастыратын іргелі концептілердің тіл туралы білімді құраудағы орны сипатталады. Әр тілдің грамматикалық және концептуалды жүйесінің ерекшеліктері, басқа тілде кездеспейтін морфологиялық жолмен берілетін концептілер жиынтығы болады, онда бір тілден екінші тілге ауысып отыратын морфологиялық категориялар да болады. Мұндай ерекшеліктер морфологиядағы концептуалдану деңгейлеріне

байланысты. Себебі білім түрліше құрылымдалады. Тілдік білім морфологияның концептуалды кеңістігінде сақталып, репрезентацияланады. Онда тілдік мағына, категориялар мен тұлғалар туралы білімдер сақталып, ғаламның тілде қалай концептуалданатыны көрінеді. Тілдік емес бірліктермен қатар болмыс нысандарының бірі ретінде тіл де концептуалданады. Тілдік білімнің концептуалдану жолдарының бірі – морфология. Морфология деңгейіндегі концептуалдау ерекшелігі – ол білімді құрылымдай отырып, лексикалық жолмен берілген концептуалды материал үшін қабат, тор түзіп, белгілі бір деңгейде лексиканың қажетін өтейді.

Когнитивті тұрғыдан алғанда, морфологияның негізгі бірлігі – морфологиялық категория болып табылады, ол сөз тұлғаларында көрініс тауып, парадигмаға бірігеді. Морфологияны морфема деңгейіне қатысты ғана емес, сөздердің түрлі топтарын репрезентациялайтын тұтас морфологиялық құрылымдар деңгейінде қарастыру қажет. Морфологиялық категориялар мен тұлғалар концептуалды деңгейде, негізгі танымдық үдерістер қатарында сипатталады. Морфологияның ғалам туралы білімді тіркеп, жіктеуі, категорияларға бөлуі осыған байланысты болады. Бүгінде лексикалық мағынасы түсініксіз, көнерген сөздерге этимологиялық талдау жасауда грамматикалық концептосфера тұрғысынан морфологиялық концептілер жүйесі арқылы сөз мағынасын айқындауға болады: сөздің қай тұлғада, қандай сөз табы ретінде қолданылуына байланысты морфологиялық концептілер де, лексикалық бірліктер сияқты, сөз мағынасын айқындауда маңызды қызмет атқарады. Алайда тіл және сөйлесім әрекетін толық түсіну үшін лексикалық және грамматикалық концептілер бірлікте сипатталуы керек. Морфологиялық концептілер ментальді түзілім ретінде тіл құрылымында грамматикалық құралдар арқылы көрінеді. Бұл концептілер ментальдік концептілерде сипатталады.

Морфологияның категориялау үдерістерімен байланысы морфологияның ғалам туралы білімді қалай объективтендіріп, топтастыратынын да көрсете алады. Морфологиялық бірліктердің когнитивті қызметі ойлау үдерісімен, адамның интеллектуалды және ментальді қызметімен, ақпаратты өңдеу, сақтау, жіктеуімен байланысты болады. Морфологияда концептуалды жүйенің маңызды бөліктері категорияланады. Сол себепті морфологиялық категориялар мен тұлғалар категориалды мағынаның ерекше деңгейінің жалпылану, репрезентациялану жолы болып табылады. Морфологиялық жолмен берілетін концептуалды жүйенің категориалды бөлігі морфологиялық жолмен берілетін концептілер түрінде көрініс тауып, морфологияның концептуалды кеңістігін құрайды, морфологиялық репрезентацияның тілдегі когнитивті негізін түзеді.

Концептуалды және семантикалық деңгейлердің өзара байланысын нәтижесінде концептуалды жүйеде тілдік бірліктер қолданылады. Концептуалды ақпараттың маңызды бөлігі, тіл үшін маңызды болатын мағыналар тілдің грамматикасында, әсіресе морфологиясында көрініс табады. Бұл табиғи, логикалық сұрыптау негізінде жүзеге асады. Алайда алдымен барлық мағыналар лексика деңгейінде көрініс тауып, кейін олардың ішіндегі ең маңыздылары ғана морфология, грамматика деңгейіне өтеді.

Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категоризациялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде

қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтірендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Тілдік семантика тілдік таңбаларда бейнелейтін, сөз таптары арқылы көрініс табады. Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер беретіні, яғни түрліше сипаттайтын, түрліше ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа категорияларында көрініс табады.

Морфологиялық концепт – тілдің морфологиялық құрылымын айқындайтын ментальді сапаның бірлігі, сонымен қатар ол – морфологияны ғылым ретінде сипаттайтын ұғым. Яғни морфологиялық концептілер метатілдік морфологиялық концепт ретінде грамматикалық терминологияға енеді. Шылау сөздер, оның ішінде үстеу, демеу, жалғаулықтарға берген анықтамасында А.Байтұрсынұлы морфологиялық концептінің метатілін пайдаланған: «Демеу дегеніміз – екі сөздің арасын яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер немесе кей сөздер жалғау орнына жүреді хәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз» [4, 54]. Яғни ғалым сөз таптарын логикалық тұрғыдан ғана сипаттамай, грамматикалық талдауларға иек артқанын көреміз.

Морфологиялық категориялар морфологиялық бірліктер, сөздердің морфологиялық топтары көрініс тапқан ментальді мәнділік болып табылады. Бейсаналы сезімде орын ала отырып, морфологиялық концептілер сөйлеу әрекетін айқындайды, оларды белгілі бір құрылымға келтіріп, коммуникация үдерісінде грамматикалық тұлғалар ретінде көрініс табады. Ендеше, морфологиялық категорияларды ғаламның концептуалдануы тұрғысынан қарастырудың мәні зор. Бұл морфологиялық категориялардың ерекшелігі мен қолданысын сипаттап, оған негіз болған концептуалды құрылымдарды анықтауға, сол арқылы морфологиялық жолмен берілген, яғни морфологияның концептуалды кеңістігі арқылы көрініс тапқан тілдің бүкіл концептуалды жүйесін сипаттауға мүмкіндік береді.

Сонымен, грамматикалық категориялар мен көрсеткіштер түрінде көрініс тапқан морфология деңгейіндегі білімдерді айқындау арқылы морфологиялық категориялар мен тұлғалардың тілішілік ерекшеліктері айқындалып, морфологиялық бірліктердің концептуалды мазмұнды репрезентациялаудағы орны көрсетіледі. Мұндай зерттеулер қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан сипаттауға жол ашады, морфологияның тіл жүйесіндегі орнын айқындап, сөйлеу әрекетіндегі маңызын түсінуге, морфологиялық категориялардың тұрпат және мазмұн межесін тануға мүмкіндік береді. Морфологиялық категорияларды осылайша талдау тілді когнитивті бағытта зерттеуге арналған еңбектердің дамып, өркендеуіне жол ашады. Бұл орайда А.Байтұрсынұлы еңбектерінің берері мол. Сол себепті ғалымды ұлттық когнитивтік лингвистиканың метатілін қалыптастырушы ретінде тануға болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 122 б.

2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-т. Тіл құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Алаш, 2005. –352 б.

Материал редакцияға 05.01.2017 жылы түсті.

К. ДУЙСЕНОВ¹

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
кіші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ ЖӘНЕ UNICODE ЖҮЙЕСІ

